Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Embімұнайгаз" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Анықтамалар

1.1. «Ұңғыма» Тапсырыс беруші салуға жатады деп айқындаған ұңғыманы/ұңғымаларды білдіреді.

1.2. «Ұңғыма салу» - жер Жұмыстарын жүргізу (бұрғылау қондырғысына арналған алаңды үймелеу), бұрғылау қондырғысын жұмылдыру, монтаждау және бөлшектеу жөніндегі Жұмыстар, бұрғылау және ұңғыманы бекіту, зерттеу Жұмыстарының барлық кешені (геофизикалық зерттеулер және т.б.), ұңғыманы игеру, бөлінген жерлерді техникалық қалпына келтіру, Қалдықтарды шығару және кәдеге жарату, Ұңғыманы Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушіге тапсыру.

1.3. «Техникалық жоба» - осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, барлық қоса берілетін техникалық және геологиялық ақпараты бар Жұмыстарды жүргізуге арналған негізгі құжат.

1.4. «Апат» - Мердігер/Қосалқы мердігер Персоналының әрекеттерінің және/немесе әрекетсіздігінің нәтижесінде болған, оның ішінде ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың бұзылуы, қауіпті заттардың бақыланбайтын жарылысы және (немесе) шығарылуы сияқты, Жұмыстарды қалыпты және қауіпсіз технологиялық режимде жалғастыру мүмкін еместігіне әкеп соғатын оқиға.

1.5. «Ұңғымадағы апат» – бұрғылау аспабы мен жабдығының ақауларынан немесе мерзімінен бұрын тозуынан, не сапасыз жабдықтар мен материалдарды қолданудан, Мердігер персоналының дұрыс емес әрекеттерінен туындаған, оны жою үшін осы Шартта, Бұрғылау бағдарламаларында және ұңғыма салуға арналған Жобалық құжаттамада көзделмеген арнайай жұмыстарды, бұрғылау аспабы мен жабдығын талап ететін, Мердігердің ұңғыма салудың технологиялық процесінің үздіксіздігін бұзуы. Ұңғымадағы апаттарды және олардың кесірінен жоғалған уақытты түрлері бойынша есепке алу 24 сағат ішінде жойылмаған әрбір апат бойынша Мердігер мен Тапсырыс берушінің өндірістік қызметтері жасаған актілерге сәйкес жүргізілуі тиіс.

1.6. «Орындалған жұмыстар актісі» екі Тарап қол қоятын және Мердігердің барлық Жұмыстарды және/немесе олардың бір бөлігін орындау фактісін және Тапсырыс берушінің осындай Жұмыстардың нәтижелерін тиісінше қабылдауын куәландыратын құжатты білдіреді.

1.7. «Бұрғылау қондырғысы» – Мердігерге меншік құқығында тиесілі немесе ол жалдаған, Ұңғыма салуға арналған, ілеспе жабдықтары бар бұрғылау қондырғысы.

1.8. «Уақытша ғимараттар мен құрылыстар» Ұңғыма салу үшін қажетті, Мердігер Жұмыстар аяқталғаннан кейін тұрғызатын, орнататын және бөлшектейтін барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді.

1.9. «Кепілдік мерзімі» Мердігер Ұңғымалардың жобалық құжаттамада көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізуіне және олардың Шартқа сәйкес пайдаланылу мүмкіндігіне кепілдік беретін, сондай-ақ Тапсырыс беруші Жұмыстардың нәтижелерін пайдалану кезінде анықтаған, осы Шартқа сәйкес орындалған Жұмыстардағы ақауларды немесе жарамсыздықтарды өз есебінен және өз қаражатымен түзетуге міндеттенетін мерзімді білдіреді.

1.10. «Күнтізбелік кесте» – Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Шарт бойынша Жұмыстардың басталу Күнін, Жұмыстарды орындау кезеңдері бойынша бөлінуін, Жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау кезектілігін, Жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау мерзімдерін, осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімдерін тұтастай айқындайтын қосымша.

1.11. «Жұмыстардың басталу Күні» Күнтізбелік кестеде айқындалған күнді білдіреді. Бұл ретте, Жұмыстардың басталу Күніне дейін Мердігердің Жұмыс алаңында Персоналы, Мердігердің Материалдары мен Жабдықтары, Уақытша ғимараттары мен құрылыстары Күнтізбелік кестеге сәйкес Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға дайын болуы тиіс.

1.12. «Шарт бойынша Жұмыстардың аяқталу Күні» - Мердігердің Ұңғыманы (Ұңғымаларды) салу бойынша орындалған Жұмыстардың нәтижелері туралы есепті ұсыну күні және Тараптардың осы Шарт бойынша қорытынды Орындалған жұмыстар актісіне қол қою күні.

1.13. «Кен орындары» Тапсырыс беруші жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын және Мердігер осы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың ережелеріне сәйкес Жұмыстарды жүргізуге міндеттенетін жер қойнауының учаскелерін білдіреді.

1.14. «Ұңғыма тереңдігі» – ұңғымадағы бұрғылау тізбегінің ұзындығы бойынша және/немесе қисықтықты инклинометриялық өлшеу кезінде өлшенген, ернеуден түпке дейінгі немесе ұңғыма бұрыштарын өлшеудің кез келген нүктесіне дейінгі қашықтық.

1.15. «Ұңғыманың тік бағыттағы тереңдігі» – ернеуден ұңғыманың түбі арқылы өтетін көлденең жазықтыққа дейінгі немесе оқпанның кез келген нүктесіне дейінгі тік бағыттағы қашықтық.

1.16. «Көлбеу бағытталған ұңғыма» – техникалық жобада оның ернеуі арқылы өтетін тік бағыттан берілген бағытта ауытқу көзделген, ал оқпаны алдын ала белгіленген қисық бойынша жүргізілетін ұңғыма.

1.17. «Көлденең ұңғыма» - өнімді жинаудың төбесі мен табаны арасындағы қабатталу бойымен белгілі бір азимуттық бағытта бұрғыланған ұзын сүзгі аймағы бар және оқпанның тік бағыттан ауытқу бұрышы 80-90° құрайтын ұңғыма.

1.18. «Айдау ұңғымасы» - кез келген түрдегі газды, сұйықтықты, ауаны немесе жылу тасымалдағышты өнімді қабаттардың өнімділігін қолдау үшін айдау функциясын орындауға арналған мамандандырылған ұңғыма.

1.19. «Ұңғыма профилі» - ұңғыма осінің оның ернеуі мен түбі арқылы өтетін тік жазықтыққа проекциясы.

1.20. «Жұмылдыру» Жұмыс алаңына Жұмыстарды орындау үшін қажетті Мердігер Персоналының, Қосалқы мердігерлердің және Мердігердің Материалдары мен Жабдықтарының Жұмыс алаңына келуін, қажетті Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды монтаждауды және Мердігердің Шарт бойынша Жұмыстарды бастауға дайындығын білдіреді.

1.21. «Жұмылдырудан босату» - Персоналды толық шығару, Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды, Мердігердің, Қосалқы мердігерлердің және Тапсырыс берушінің Жабдықтарын Жұмыс алаңынан бөлшектеу және шығару.

1.22. «Шарттың жалпы сомасы» Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындардың құнын қамтитын және Шарттың талаптарында айқындалған Жұмыстардың толық құнын білдіреді.

1.23. «Тапсырыс берушінің Материалдары мен Жабдықтары» Шартқа сәйкес Тапсырыс беруші ұсынатын немесе ұйымдастыратын жабдықтарды, тетіктерді, қосалқы бөлшектерді, шығыс материалдарын, хим.реагенттерді және басқа да материалдарды білдіреді.

1.24. «Мердігердің Материалдары мен Жабдықтары» Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тиісінше орындау үшін Мердігер және/немесе оның Қосалқы мердігерлері ұсынатын немесе ұйымдастыратын Бұрғылау қондырғысын, өзге де жабдықтарды, тетіктерді, қосалқы бөлшектерді, шығыс материалдарын, басқа да материалдарды білдіреді.

1.25. «Қалдықтар» - Шарт бойынша Жұмыстарды орындау процесінде пайда болған шикізат, бұрғылау қалдықтары, материалдар, өзге де бұйымдар мен өнімдердің қалдықтары, сондай-ақ өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер).

1.26. «Персонал» Мердігердің/Қосалқы мердігердің (бұл ретте Мердігер/Қосалқы мердігер Персоналы деп аталатын) және/немесе Тапсырыс берушінің (бұл ретте Тапсырыс беруші Персоналы деп аталатын) басшыларын, лауазымды тұлғаларын, Қызметкерлерін білдіреді.

1.27. «Жұмыс жоспары» - оның мақсаттары, мазмұны, көлемі, әдістері, іс-әрекеттердің дәйектілігі, мерзімдері мен орындаушылары көрсетілген, Жұмыстарды жүргізу тәртібін, дәйектілігін және мерзімдерін көздейтін, белгіленген жүйелі іс-шаралар, белгілі бір кезеңге жоспарланған Жұмыс.

1.28. «Бұрғылау бағдарламасы» - Ұңғыманы бұрғылаудың егжей-тегжейлі әзірленген жоспары, ол ұңғыма туралы геологиялық ақпаратты, бұрғылау технологиясы мен режимдерін, бекіту бағдарламаларын, гидравликалық бағдарламаны және бұрғылау ерітінділерінің бағдарламасын, ТБҚЖ (КНБК) таңдауды, қашауларды, ұңғыма ернеуін жабдықтау схемаларын, МГСК (ГНВП) кезінде ұңғыманы басқаруды және т.б. ұңғыманы салу барысында қажет болуы мүмкін арнайы операцияларды қамтиды. Бұрғылау бағдарламасы бұрғылау шарттарына байланысты өзгертілуі мүмкін.

1.29. «Тапсырыс берушінің өкілі» мемлекеттік органнан немесе ведомстводан не олардың аумақтық бөлімшелерінен басқа, Тапсырыс беруші оның мүдделерін Шарттың талаптары бойынша барлық мәселелерде білдіруге уәкілеттік берген және Мердігер оған Жұмыс алаңына кез келген уақытта қол жеткізуді ұсынуға міндеттенетін Тұлғаны білдіреді. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушінің өкілі «Супервайзер» деп аталуы мүмкін.

1.30. «Мердігердің өкілі» мемлекеттік органнан немесе ведомстводан не олардың аумақтық бөлімшелерінен басқа, Мердігер тағайындаған және Шарттың мәніне қатысты барлық істер бойынша Жұмыс алаңында Мердігердің атынан өкілдік етуге барлық өкілеттіктері бар Тұлғаны білдіреді.

1.31. «Қолданылатын заңнама» Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының барлық кодекстерін, заңдарын, заңға тәуелді актілерін, қағидаларын, ережелерін, қаулыларын білдіреді.

1.32. Жұмыстар» Мердігер Шарт бойынша орындайтын Ұңғымаларды салу жөніндегі Жұмыстарды, операцияларды және Ұңғымаларды салу жөніндегі Ілеспе қызметтерді білдіреді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.33. «Жұмыс алаңы» Мердігерге Шарттың талаптары бойынша Жұмыстарды жүргізу қажет болатын рұқсат етілген алаң шегіндегі учаскені немесе учаскелерді және/немесе Тапсырыс берушінің жұмыс істеп тұрған өндірістік объектілерін білдіреді.

1.34. «Зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері» - зияткерлік шығармашылық қызметтің кез келген нәтижесін білдіреді, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер; селекциялық жетістіктер; интегралдық микросхемалар топологиялары; жария етілмеген ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау), оларға жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес және осы Шарттың 17-бөліміне («Зияткерлік меншік») сәйкес қорғалады.

1.35. «Ілеспе қызметтер» Мердігердің Жұмыстарды тиісінше орындауын қамтамасыз ететін қызметтерді, яғни технологиялық процестің, өнертабыстың мәнін сипаттауды ұсынуды, Жұмыс тәжірибесін беруді және Жұмыстарды тиісінше орындау үшін қажетті Мердігердің кез келген басқа да міндеттерін қамтитын кез келген басқа да қосалқы қызметтерді білдіреді.

1.36. «Жұмыстарды орындау мерзімі» – егер Шарттың талаптарына сәйкес Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылмайтын болса, Жұмыстардың басталу Күнінен бастап Жұмыстардың аяқталу Күніне дейінгі кезең.

1.37. «Қолданылу мерзімі» Шарттың талаптарына сәйкес Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылатын жағдайларды қоспағанда, Шарт күшінде болатын кезеңді білдіреді.

1.38. «Қосалқы мердігерлік» осы Шартты орындау шеңберінде Жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігер мен кез келген Тұлға (Тапсырыс берушіден немесе Мердігердің кез келген Қызметкерлерінен басқа) арасындағы кез келген келісімді немесе уағдаластықты білдіреді.

1.39. «Қосалқы мердігер» осы Шарт бойынша Жұмыстардың бір бөлігін орындау үшін Мердігер Қосалқы мердігерлік негізінде тартқан кез келген тұлғаны білдіреді.

1.40. «Техникалық ерекшелік» - Мердігердің Жұмыстарды орындауының негізгі техникалық құрамдасын қамтитын, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Шартқа қосымша болып табылатын құжатты білдіреді.

1.41. «Жұмыс кезеңдері» - Шарт бойынша Жұмыстарды орындау процесіндегі аралық операциялар кешені.

1.42. «Ақаулық» - технологиялық режимнің өзгеруіне әкеп соқпаған жабдықтың, объектінің, құрылыстардың жұмысқа қабілетті жай-күйінің қысқа мерзімді бұзылуынан тұратын оқиға.

1.43. «Оқиға» - қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе зақымдануы, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектіде технологиялық процесс режимінен ауытқу.

1.44. «Геологиялық асқыну» - Мердігердің иелігіндегі күштерді, техникалық және технологиялық құралдарды қолдану арқылы бақылауға алынбайтын, нақты тау-геологиялық жағдайлардың салдарынан туындаған оқиға, оның ішінде тектоникалық бұзылыстарды (жарылымдарды) кесіп өтуге немесе ұңғыма оқпанының олардың геомеханикалық әсер ету аймағында орналасуына тікелей байланысты ұңғыма оқпаны тұрақтылығының бұзылуы, атап айтқанда, ұңғыма оқпанының тарылуы, жыныстардың үгітілуі, опырылуы және құралдың қысылып қалуы; қабаттық қысымы аномальды жоғары коллекторларды ашу; қабаттық қысымның аномальды төмен болуына немесе тау жыныстарының табиғи жарықшақтылығына байланысты бұрғылау ерітіндісінің жұтылуы.

2. Шарттың мәні

2.1. Тапсырыс беруші тапсырады, қабылдайды және ақысын төлейді, ал Мердігер осы Шартта белгіленген талаптармен, 1, 2-қосымшаларда көрсетілген көлемде, санында және құны бойынша және осы Шартқа 4-қосымшада айқындалған мерзімдерде [Кен орнының атауы] бойынша кен орнындағы [Жұмыстардың атауы] ұңғымаларды салу бойынша Жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) өз тәуекеліне орындауға міндеттемелерді қабылдайды

3. Шарттың құны және төлеу шарттары

3.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

3.2. Мердігер, оның ішінде Шартты жасасу сәтінде орындалуға тиіс Жұмыстардың толық көлемін немесе ол үшін қажетті шығыстарды көздеу мүмкіндігі болмаған жағдайда да, Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес. Аталған талап осы Шарттың талаптарына сәйкес расталған Геологиялық асқынуды жоюға тікелей байланысты қосымша жұмыстар мен шығындарға қолданылмайды. Мұндай жұмыстардың көлемі, құны мен орындалу шарттары, сондай-ақ тиісті шығындарды есепке алу және төлеу тәртібі Тараптардың алдын ала келісуіне және Шарттың 5-бөліміне сәйкес белгіленген тәртіппен ресімделуге жатады.

3.3. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

3.4. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

3.4.1. Аралық төлем көзделген шарттар үшін:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.4.1.1. Шарттың жалпы сомасының 30% мөлшеріндегі аванстық төлем (алдын ала төлем) мынадай құжаттар ұсынылған күннен бастап [20] ([жиырма]) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі: - Төлем шоты - Авансты қайтаруды қамтамасыз ету (алдын ала төлем).

3.4.1.2. 65 (алпыс бес) аванстық төлем сомасын пропорционалды ұстап қалуды ескере отырып, орындалған жұмыс көлемінің % - ы орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және оның негізінде шот-фактура/ шот жазып берілген мөрлермен бекітілген жұмыстарды орындаудың кезекті кезеңі бойынша жүзеге асырылады. төлем (инвойс). Шот-фактура / инвойс Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап күннен ерте емес және күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей жазып беріледі. Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Шарт номері көрсетілуі тиіс.

3.4.1.3. Орындалған жұмыс көлемінің 5 (бес) % Шарт бойынша Мердігер тарапынан міндеттемелер Шарттың 3.5-тармағымен көзделген тәртіпке сай және мерзімде 100 (жүз) % орындалған соң жүзеге асырылады.

3.4.2. Егер Шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделсе, онда мұндай алдын ала төлем Мердігер төлемге шотты және Шартпен айқындалған, Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылатын авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші аванс төлемей жүргізеді. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

3.5. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

3.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

3.5.2. Орындалған жұмыстар актісі;

3.5.3. _____ актісі (қажет болған жағдайда Жұмыстарды орындау кезінде оларды ресімдеу талап етілсе, өзге де Актілерді көрсету, мысалы: залалсыздандыру актісі және кәдеге жарату актісі және т.б.);

3.5.4. Шот-фактура;

3.5.5. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (соңғы есеп айырысу кезінде ресімделеді).

3.6. Аралық төлемдер және соңғы есеп айырысу аванстық төлем сомасын пропорционалды ұстап қалуды ескере отырып жүзеге асырылады.

3.7. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

3.8. Құжаттарды (шот-фактураны/төлемге шотты (инвойсты), Орындалған жұмыстар актісін, Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін және т.б.) ұсыну оларды Тапсырыс берушінің кеңсесінде тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

3.9. Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Шарттың нөмірі көрсетілуі тиіс. Шот/Шот-фактура Орындалған жұмыстар актісі негізінде жазып беріледі және сату бойынша айналым жасалған күннен (Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес) ерте емес және Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы (күні қойылуы) тиіс.

3.10. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толығымен немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерге қысқа мерзімде хабарлауы тиіс, ал Мердігер дау Тапсырыс берушінің пайдасына шешілген кезде соманың дауласпайтын бөлігіне шотты қайтадан қоюы тиіс. Тапсырыс беруші мен Мердігер даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және осындайларды түзету үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

3.11. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе оған қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген тіркесімі Тапсырыс берушінің Мердігердің шот-фактураларын мойындауын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем оның шотта қойылған кез келген соманың негізділігіне кейіннен дауласу құқығын сақтай отырып жүргізіледі.

3.12. Шарт бойынша соңғы есеп айырысуды жүзеге асырғанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша Өзара есеп

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Мердігер Тапсырыс берушіден Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған қол қоюға және Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді.

3.13. Мердігермен есеп айырысу кезінде Мердігер Тапсырыс берушінің Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге жататын соманы: Тапсырыс берушінің алдындағы өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші қоятын айыппұл санкцияларының және/немесе шығындардың; төленген аванстардың; Тапсырыс беруші осы Шарттың ережелеріне және/немесе Тараптар арасында жасалған өзге де мәмілелерге сәйкес ұсынатын ресурстардың және (немесе) қызметтердің құны; Мердігер Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешектің сомасына (өзара есепке алуды жүргізу тәртібімен) біржақты тәртіппен азайтуға құқылы екендігімен келіседі.

3.14. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, ҚР Азаматтық кодексінде айқындалғандай, Мердігерге орындалған Жұмыстар үшін тиесілі төлем бойынша берешекті өтейді.

3.15. Осы Шарт бойынша ҚР-да Мердігердің атына ақша аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал ҚР-дан тыс жерлерде ақша аудару жөніндегі барлық өзге де шығыстарды, корреспондент банктердің банктік комиссияларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Мердігер көтереді. Мердігер Тапсырыс берушінің атына ақша аударуға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

3.16. Тапсырыс беруші құжаттар топтамасын, оның ішінде Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін тиісінше ресімдемеуімен және/немесе төлеуге уақтылы ұсынбауымен байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

3.17. Шарт бойынша төлем Шарттың 20-бөлімінде көрсетілген Мердігердің есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару жолымен _____ теңгемен____ жүргізіледі. Тапсырыс беруші мен Мердігердің банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар осындай өзгеріс күнінен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы бір-біріне алдын ала хабардар етеді. Егер жоғарыда көрсетілген хабарлау мерзімін бұзу немесе Мердігердің төлем үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеуі нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілсе, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерді тиісінше орындады деп есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші алған ақшаны Мердігерге аударуға міндетті, бұл ретте дұрыс емес деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде шеккен қосымша шығыстардың сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалады.

3.18. Мердігер Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, төлем Мердігер ұсынған осы Шартқа «Төлемге шоттың/инвойстың нысаны» №10 қосымшада белгіленген нысан бойынша төлемге шоттың/инвойстың негізінде, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын шегеріп, жүргізіледі. Бұл ретте, Мердігердің: егер табыс пен капиталға салынатын салықтардан жалтаруды болдырмау және олардың алдын алу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент еместің кірістеріне салық салудың өзге қағидалары көзделсе, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын өз бетінше қайтаруды жүзеге асыруға, немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Мердігердің резиденттік елінде есепке жатқызу мақсатында Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістер және ұсталған (төленген) салықтар сомалары туралы салық органынан анықтама алуға құқығы бар. Сондай-ақ, Тапсырыс беруші салық агенті ретінде салық органынан анықтама алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және Екі жақты салық салуды болдырмау туралы қолданылатын халықаралық шарттардың (бұдан әрі – Конвенциялар) ережелерінде көзделген тәртіппен, Салық базасының бұзылуына және пайданы салық салудан шығаруға қарсы іс-қимыл мақсатында, егер ол қолданылса, салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны (бұдан әрі - MLI) ескере отырып, белгілі бір талаптар мен өлшемшарттарды орындау негізінде, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасында Мердігердің кірістерін салық салудан босату немесе оларға төмендетілген мөлшерлемені қолдану туралы шешімді өз бетінше қабылдауға құқылы. Тапсырыс беруші MLI-ді, егер ол қолданылса, ескере отырып, Конвенция ережелерін қолдану мүмкіндігін қарау мақсатында, Мердігер Тапсырыс берушіге: Шартты жасасу күніне, сондай-ақ орындалған Жұмыстардың әрбір актісімен бірге «Резидент еместің Қызметкерлер бойынша кепілдігінің нысаны» № 11 және «Сауалнама парағы» № 12 қосымшаларға; Шартты жасасу күніне № 13, 14, 15 қосымшаларға сәйкес ақпаратты және растайтын құжаттарды ұсынады. Бұл ретте Мердігер келесіге сәйкес ақпаратты және растайтын құжаттарды толтырады және ұсынады: егер резидент емес Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан, MLI ережелері қолданылмайтын мемлекеттің резиденті болып табылса, Шартқа № 13 қосымшаға; егер резидент емес Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан, негізгі мақсатқа (principal purpose test немесе қысқартылған «PPT») міндетті тест жүргізуді көздейтін MLI ережелері қолданылатын мемлекеттің резиденті болып табылса, Шартқа № 14 қосымшаға; егер резидент емес Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан, екі міндетті тестті: негізгі мақсат тестін (principal purpose test немесе қысқартылған «PPT») және салықтық жеңілдіктерді жеңілдетілген шектеуді (simplified limitation of benefits немесе қысқартылған «SLoB») жүргізуді көздейтін MLI ережелері қолданылатын мемлекеттің резиденті болып табылса, Шартқа № 15 қосымшаға. Тапсырыс беруші қажет болған жағдайда MLI ережелерін қолдануды ескере отырып, Конвенция шеңберінде Шартқа №13, 14, 15 қосымшаларда көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Жоғарыда көрсетілген ақпарат пен растайтын құжаттар өзгерген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге жаңартылған №13, 14, 15 қосымшаларды және тиісті растайтын құжаттарды осындай жаңартылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, бірақ төлем күнінен немесе көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар актісінің күнінен кешіктірмей, осы екі күннің қайсысы кешірек келетініне байланысты ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының Салық заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші Мердігердің ақпараты мен растайтын құжаттары негізінде Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісін тексереді. Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісі анықталған, сондай-ақ Мердігер Шартқа көрсетілген қосымшаларға сәйкес ақпаратты және растайтын құжаттарды ұсынбаған/толық ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасындағы Мердігердің кірістерін босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін қолдану бөлігінде Конвенция ережелерін қолдануға құқылы емес және Мердігерге кіріс төлеу кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстап қалады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.19. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде, егер Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғалар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар, осы Шарт шеңберінде Мердігер тартқан қызметкерлер және (немесе) Мердігерлер (қосалқы мердігерлер) не Мердігердің қызметкерлері (бұдан әрі – Қызметкер(лер)) ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында үнемі болатын деп танылса (яғни, осы Шартқа қол қойылған; осы Шарт қолданыста болатын; Орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) қол қойылған күнтізбелік жылда аяқталатын кез келген бірізді он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бір жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болса), онда мұндай Қызметкерлердің кірістеріне Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығы (бұдан әрі – ЖТС) салынуға жататыны айқындалған. Қызметкерлердің кірістерінен ЖТС ұстаудың уақтылылығы мен толықтығы үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың келесі тармақшаларында белгіленген тәртіпке сәйкес орындалады.

3.19.1. Тапсырыс беруші өзінің салықтық міндеттемесін орындау мақсатында Шарт бойынша Жұмыстар үшін әрбір төлем кезінде, әрбір осындай төлем сомасының 80 пайызының 10 пайызына сүйене отырып есептелген, қызметкерлерден ЖТС төлеу есебіне соманы ұстап қалады.

3.19.2. Мердігер Тапсырыс берушіге Шартқа № 11 қосымшада көрсетілген нысан бойынша барлық қызметкерлер жөніндегі деректерді көрсете отырып, осы қызметкерлердің паспорттарының (қызметкерлердің жеке басын куәландыратын заңнамада көзделген басқа да құжаттардың) көшірмелерін, Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өтуі туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің белгілерін және қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болу уақытын растайтын өзге де құжаттарды қоса бере отырып, келесі мерзімдерде ақпарат ұсынады: (1) Шартқа қол қою сәтінде (ақпарат шарт жасалған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап шарт жасалған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс); (2) Орындалған жұмыстардың әрбір актісіне қол қою күніне (ақпарат Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс). Көрсетілген құжаттар Тапсырыс берушіге әрбір қызметкердің ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген бірізді он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында 183 (бір жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болуын/болмауын анықтау және ЖТС сомасын анықтау үшін ұсынылады.

3.19.3. Ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген бірізді он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде бір жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша Орындалған жұмыстар актісімен бір мезгілде: Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір Қызметкермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшартының) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі; Қызметкермен жасалған еңбек шарты және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде жалдамалы жұмыстан алатын Қызметкердің кірістері туралы мәліметтерді қамтитын, Мердігердің резиденттік елінің заңнамасында көзделген өзге де құжат ұсынылады.

3.19.4. Осы Шарттың 3.19.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы Шарттың 3.19.2 және 3.19.3-тармақшалары бойынша ұсынылған құжаттардың негізінде соңғы Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Мердігерге қайтарылуы (толық немесе ішінара) мүмкін. Тапсырыс беруші Шартты аяқтау күніне келесі шарттар бір мезгілде орындалған кезде Шарттың 3.19.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша қайтарылатын ЖТС сомасын айқындайды: (1) барлық Қызметкерлер бойынша Шарттың 3.19.2-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылды; (2) Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген бірізді он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде бір жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша Шарттың 3.19.3-тармақшасында көрсетілген құжаттар белгіленген көлемде және белгіленген мерзімдерде ұсынылды.

3.19.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы келесі формула бойынша анықталады: ЖТСқайт = ЖТСұст – БЖТ*10%, мұнда ЖТСқайт – Мердігерге қайтарылуға жататын ЖТС сомасы, ЖТСұст – Шарттың 3.19.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы, БЖТ – егер бұл кірістер Шарттың 3.19.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталса, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген бірізді он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлердің кірістері. Кіріс сомасы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болған күнтізбелік күндер саны үшін айқындалады.

3.19.6. Мердігер Шарттың 3.19.2 және 3.19.3-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған, сондай-ақ егер Шарттың осы тармағының 3.19.2-тармақшасы бойынша ұсынылған ақпаратқа сәйкес, Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген Қызметкерлердің кем дегенде біреуі ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген бірізді он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны анықталса, ол бойынша Шарттың 3.19.3-тармақшасы шеңберінде құжаттар ұсынылмаса, онда Тапсырыс беруші Шарттың 3.19.1-тармақшасы бойынша ұстап қалған ЖТС-ның барлық сомасы Мердігерге қайтарылуға жатпайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Мердігер осы Шарттың тармағын тиісінше орындамаған, оның ішінде дұрыс емес ақпарат берген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған шығындарды, қоса есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын қоса алғанда, өтеуге міндеттенеді.

3.20. Салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

3.21. Осы Шарттың Қазақстан Республикасының Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде қамтылғаннан өзге қағидалар белгіленсе, көрсетілген шарттың қағидалары қолданылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.22. Осы арқылы Мердігер Веб-порталда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі корпоративтік стандартының талаптарымен танысқанын және оны қабылдайтынын растайды.

4. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

4.1. Жұмыстарды орындау көлемі, шарттары, орны, сондай-ақ олардың мерзімдері осы Шартқа №1, №2 және №4 қосымшаларда айқындалады, бұл ретте Мердігер күнтізбелік кестеде көзделген Жұмыстарды орындау басталған күннен немесе кезеңнен бастап [Күндер саны][(жазбаша)] жұмыс күнінен кешіктірмей Жұмыстарды орындауға кірісуге міндетті.

4.2. Жұмыстарды Тапсырыс беруші Шартқа №1, №2 және №4 қосымшаларға сәйкес Орындалған жұмыстар актісінің негізінде көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні деп Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күн есептеледі, бұл ретте Шарттың 7.1. тармағында және Шартқа 22-қосымшада көзделген құжаттардың толық топтамасы ұсынылуы тиіс. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігер өзі үшін және өзінің қосалқы мердігерлері үшін Тапсырыс берушінің аумағына Жұмыстарды жүргізуге арналған Рұқсат-кіруді Тапсырыс берушіден алуға міндетті. «Рұқсат-кіру» Мердігерге (қосалқы мердігерге) Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіру құқығын беретін және Мердігердің (қосалқы мердігердің) жарақтандырылуының Шартта белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша) құжатты білдіреді.

4.3. талаптарға сәйкестігін растайтын (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша) құжатты білдіреді. Рұқсат-кіруді алу үшін Мердігер осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Шарттың талаптарына сәйкес Мердігердің Шарт бойынша барлық талаптармен жарақтандырылғанын куәландыратын барлық растайтын құжаттарды, оның ішінде қосалқы мердігер қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құрылтай құжаттары мен құжаттардың көшірмелерін, рұқсат беру құжаттарын, оның ішінде орындалатын Жұмыстарға лицензияларды, сертификаттарды, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды және Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын, оның ішінде (қажет болған жағдайда) Мердігердің жарақтандырылуының Шарт бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін Тапсырыс берушінің Мердігердің өндірістік базасына кіруін ұсынады. Құжаттар ұсынылмаған және/немесе Мердігер тексеру қорытындылары бойынша мәлімделген жарақтандырылуды растамаған кезде, Рұқсат-кіруде Тапсырыс берушінің жазбаша жауабымен сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Мердігерге бас тартылады. Бұл ретте Мердігер Шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапты болады, соның негізінде Тапсырыс беруші де осы Шарттың 10.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4.4. Тараптардың өкілдері.

4.4.1. Мердігер Жұмыстар басталған Күнге дейін осы Шартқа сәйкес орындалатын Жұмыстарға жауапты болып табылатын, Мердігердің Жұмыс алаңындағы өкілі, осы Шартқа сәйкес Жұмыстарға қатысты Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу және Мердігердің Жұмысына басшылық жасау бойынша барлық өкілеттіктері бар Мердігердің өкілін тағайындайды.

4.4.2. Мердігер Жұмыстар басталған Күнге дейін Мердігер өкілін тағайындауды/ауыстыруды Тапсырыс берушімен келісуге міндетті.

4.4.3. Тапсырыс беруші Жұмыстар басталған Күнге дейін осы Шартқа сәйкес Жұмыстарды орындауға қатысты Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу бойынша барлық өкілеттіктері бар Тапсырыс берушінің өкілін тағайындайды. Тапсырыс беруші осы Шарттың мақсаттары үшін орынды қажет болатын Тапсырыс беруші өкілдерінің кез келген санын тағайындауға құқылы. Тапсырыс беруші Мердігерге Тапсырыс берушінің барлық өкілдерінің тағайындалғаны/ауыстырылғаны туралы хабарлайды.

4.4.4. Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілдерінің осы Шарттың қандай да бір талаптарына немесе ережелеріне қатысты қандай да бір өзгерістер немесе толықтырулар қабылдауға, не осы Шартта көзделген Тараптардың қандай да бір құқықтарынан, міндеттерінен немесе жауапкершілігінен бас тартуды бекітуге өкілеттігі жоқ.

4.4.5. Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстардың жүргізілуі бойынша күнделікті есептерді, сондай-ақ осы Шартқа сәйкес орындалатын Жұмыстарға қатысты кез келген өзге де ақпарат пен есептерді алуға құқылы. Тапсырыс берушінің өкілі кез келген уақытта Мердігер жүргізетін Жұмыстардың барысын бақылауға, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс берушінің өкілі кез келген уақытта өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін есептеуге және тексеруге, Мердігер жүргізетін Жұмыстардың барысын бақылауға, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

4.4.7. Тапсырыс берушінің өкілі Мердігердің (Мердігер Өкілінің) құрылыстың Жұмыс жобаларымен қамтамасыз етілуі және олардың сапасы, сондай-ақ Жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау мәселелері бойынша шағымдарын қарайды. Тапсырыс берушінің өкілі осы шағымдар бойынша шешімдер қабылдайды немесе Тапсырыс берушінің шешім қабылдауы үшін өз ұсыныстарын енгізеді.

4.4.8. Тапсырыс берушінің өкілі Мердігер осы Шарттың талаптарын, нормативтік техникалық құжаттардың және осы Шарт шеңберінде Жұмыстардың сол немесе өзге де түрлерін орындауды реттейтін Қолданылатын заңнаманың талаптарын бұзған жағдайда, Жұмыстарды тоқтата тұру мүмкіндігі туралы Мердігерді жазбаша хабардар етуге міндетті. Осы Шарттың тармағы негізінде Жұмыстар тоқтатыла тұрған жағдайда, Мердігер осы Шарттың №7 қосымшасында көзделген жауапкершілікте болады.

4.5. Мердігердің мәртебесі және Жұмыстарға қойылатын талаптар.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.5.1. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер Жұмыстардың нәтижелері үшін және қауіпсіздік техникасы, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау талаптарына (Шартқа № 7 қосымша) сәйкес, ҚР заңнамасына және осы Шарт шеңберінде Жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау тәртібін, тәсілдері мен әдістерін реттейтін Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына (олар болған кезде) сәйкес орындалатын Жұмыстардың тәртібі мен дәйектілігін қамтамасыз ету үшін бақылау, басшылық ету құқығы бар тәуелсіз мердігер ретінде әрекет етеді және жауапты болады. Осындай ішкі нормативтік құжаттар болған кезде, Тапсырыс беруші оларды Мердігерге Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталғанға дейін беруі тиіс.

4.5.2. Мердігердің бұрғыланған Ұңғымаларға, Жұмыстарды орындау барысында алынған ақпаратты үшінші тарапқа беруге, Ұңғымалардан алынатын кейінгі өнімге, өндірілген көмірсутектерді ұстап қалуға, сондай-ақ Ұңғымалар туралы ақпаратты жариялауға құқығы жоқ.

4.5.3. Мердігер осы Шарт бойынша Жұмыстарды «толық дайын» күйінде орындайды (егер бұл шарт Шартта көзделген болса), бұл Мердігердің Ұңғымаларды салуын, одан әрі оларды пайдалануға енгізуді және осы Шарттың ережелеріне сәйкес Кепілдік мерзімі ішінде кепілдікті қызмет көрсетуді білдіреді.

4.5.4. Тапсырыс берушіде орындалатын Жұмыстарды қадағалау және тексеру мақсатында қол жеткізу, бақылау және инспекциялау құқығы сақталады және Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің Қызметкерлерін тарту арқылы немесе өзгеше түрде орындалатын Жұмыстардың барысын кез келген тәртіппен, кез келген уақытта және өз қалауы бойынша инспекциялауға, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың Шарттың талаптарына сәйкестігін айқындау үшін Мердігер Персоналының қатысуымен кез келген уақытта Мердігердің Материалдары мен Жабдықтарына қол жеткізуге құқылы, бұл ретте Мердігердің шаруашылық қызметіне кедергі келтірмейді.

4.5.5. Егер Жұмыстардың көлемі Шарттың талаптарына сай болмаса немесе оның талаптарына сәйкес орындалмаса, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерге хабарлайды, ал Мердігер Жұмыстардағы ақаулар мен кемшіліктерді Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде жояды және Жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

4.5.6. Тапсырыс беруші Өкілінің қатысуы, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан инспекциялар мен бақылау Мердігерді Шарт бойынша оның міндеттемелері мен жауапкершілігінен босатпайды.

4.5.7. Мердігер немесе Мердігер Персоналы, Мердігер Өкілі, Қосалқы мердігерлер Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс беруші үшін қандай да бір міндеттемелер қабылдауға, сол сияқты Тапсырыс берушінің Қызметкері және өкілі ретінде әрекет етуге құқылы емес.

4.5.8. Мердігер өзінің Қосалқы мердігерлерінің, олардың Персоналы мен өкілдерінің Тапсырыс берушіге залал келтірген кез келген, сондай-ақ заңсыз, не Тапсырыс берушімен келісілмеген әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін, егер мұндай әрекеттер немесе әрекетсіздіктерді Мердігердің өзі жасағандай, толық көлемде жауапты болады. Кез келген Қосалқы мердігерлік шарт Шарттың ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

4.5.9. Мердігер Шарт және Қолданылатын заңнама тиісінше сақталған кезде, Шарт бойынша барлық міндеттемелерді өз есебінен және өз қаражатымен (Мердігер Персоналына қатысты жалақы, сыйлықақы, сақтандыру және кез келген сипаттағы әлеуметтік төлемдерді, материалдарды, жабдықтарды, машиналарды, тетіктерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей), өз тәуекелі мен жауапкершілігіне орындайды.

4.5.10. Мердігер Жұмыстарды жүргізу үшін қажетті қуаттылығы мен жүк көтергіштігі бар Бұрғылау қондырғыларын (Мердігер меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде иеленетін) және Персоналды қолданады. Тапсырыс берушімен жазбаша келісу бойынша Мердігердің басқа компаниялардың Бұрғылау қондырғыларын тартуына жол беріледі.

4.5.11. Егер мұндай қабаттардың жоқтығы геофизикалық зерттеулермен расталса, Мердігер Ұңғымаға мұнай ағынын беретін қабаттардың болмауына жауап бермейді.

4.5.12. Бір Жұмыс алаңында әртүрлі шарттар шеңберінде әртүрлі мердігерлердің Жұмыстарды қатар орындау қажет болған жағдайда, Мердігер басқа мердігерлердің Жұмыстарды орындауына кедергі келтіруі мүмкін ешқандай әрекеттер жасамауға міндеттенеді. Жұмыс алаңында Жұмыстарды орындау барысында туындайтын, әртүрлі мердігерлердің Жұмыстарды қатар орындауына байланысты барлық проблемалық мәселелерді және әртүрлі шарттар шеңберінде Жұмыстарды жүзеге асыру тәртібін айқындауды Тапсырыс берушінің өкілі қабылданған шешім туралы Тапсырыс берушіге міндетті түрде хабарлай отырып шешеді. Өзара іс-қимыл тәртібін Тапсырыс беруші айқындайды.

4.5.13. Жұмыс алаңында Тапсырыс берушінің өкілі болмаған жағдайда, Мердігер бұрғылау ерітінділері жөніндегі мердігердің ұсынымдарын басымдық тәртібімен ұстануға және орындауға міндеттенеді.

4.6. Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтары.

4.6.1. Тапсырыс беруші Мердігерге Тапсырыс берушіде бар Материалдар мен Жабдықтарды беруге құқылы.

4.6.2. Тапсырыс беруші Мердігерге Тапсырыс берушінің Материалдары мен Жабдықтарын берген жағдайда, Мердігер осы Материалдар мен Жабдықтардың қойылатын талаптарға және нормативтік техникалық құжаттардың, техникалық жобаның және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қолданылатын заңнаманың ережелеріне сәйкестігін тексеруі тиіс. Сәйкес келген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің осындай Материалдары мен Жабдықтарын Жұмыстарды орындау үшін қабылдауға құқылы.

4.6.3. Тапсырыс берушінің Материалдары мен Жабдықтарын Мердігерге беру Тараптар арасында жеке шарт жасасу жолымен жүзеге асырылады. Осындай Материалдар мен Жабдықтарды Тапсырыс беруші Мердігерге жасалған шарт шеңберінде қабылдау-тапсыру актісі бойынша тапсырған сәттен бастап, мұндай Материалдар мен Жабдықтар Мердігердің Материалдары мен Жабдықтары болып есептеледі, Мердігер Мердігер Тапсырыс берушіге Жұмыстардың нәтижелерін және құрылысы аяқталған Ұңғымаларды тапсырған сәтке дейін осындай берілген Материалдармен және Жабдықтармен байланысты барлық ықтимал тәуекелдерге жауапты болады.

4.6.4. Мердігерге берілетін Тапсырыс берушінің Материалдары мен Жабдықтары үшін есеп айырысу Тапсырыс берушінің Материалдары мен Жабдықтарының құнын (немесе Тапсырыс берушінің Жабдығын пайдаланғаны үшін жалдау ақысын) осы Шарт және Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында жасалуы мүмкін өзге де шарттар бойынша есеп айырысуларда ескеру жолымен жүзеге асырылады.

4.6.5. Мердігер Тапсырыс берушінің Жабдықтары мен Материалдарына келтірілген кез келген залалды барлық жағдайларда, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, төмендегілер үшін Тапсырыс берушіге толық мөлшерде өтеуге міндеттенеді: тиісінше пайдаланбау; материалдарды жұмсаудың жоспарланған көлемдерінен негізсіз асып кету; жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын бұзу; бұл залал Тапсырыс берушінің, оның Өкілдерінің немесе Персоналының кінәсінен келтірілген жағдайларды қоспағанда, егер мұндай кінә дәлелденсе немесе ол осы Шарттың 13-бөлімінде баяндалған себептерден туындаса, жабдықтар мен материалдардың бүлінуі, ұрлануы. Кез келген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің Жабдықтары мен Материалдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін барынша мүмкін күш-жігерін салуға міндеттенеді.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Мердігер міндеттенеді:

5.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

5.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

5.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

5.1.4. Жұмыстарды тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен, жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен орындауға. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісу бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең бағалы мамандарға ауыстыруға құқылы. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі көрсетілген талаптарда аталған қызметкерлердің біліктілігіне сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс;

5.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

5.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

5.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялар, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

5.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

5.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

5.1.10. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайларды және Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылатын авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді [Авансты қайтаруды қамтамасыз ету түрі] түрінде енгізуге. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабының 5-тармағының талаптарына сәйкес

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаса, онда Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама хабарламаға теңестіріледі. Шарт Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі;

5.1.11. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы құнының 5 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылатын Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге. Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайлар бұған кірмейді. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама хабарламаға теңестіріледі. Шарт Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабының 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаса, онда Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады;

5.1.12. Шарт ұзақ мерзімге (бір жылдан астам мерзімге) жасалған жағдайда, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету оның бүкіл қолданылу мерзіміне беріледі;

5.1.13. Банктік кепілдік келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

5.1.13.1. Банктің атауы;

5.1.13.2. Банктік кепілдіктің (кепілдік міндеттеменің) нөмірі;

5.1.13.3. Банктік кепілдіктің күні;

5.1.13.4. Мердігердің атауы;

5.1.13.5. Шарттың нөмірі мен күні;

5.1.13.6. Шарттың мәні;

5.1.13.7. Банктік кепілдіктің сомасы;

5.1.13.8. Банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі.

5.1.14. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару (ақшалай жарна болған жағдайда) аудару жолымен немесе Мердігерге банктік кепілдіктің, сақтандыру полисінің (бар болса) түпнұсқасын беру жолымен жүзеге асырылады. Мердігер енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуды Тапсырыс беруші Мердігерге шарттық міндеттемелердің орындалуының бұзылғанын көрсете отырып, осындай ұстап қалу туралы хабарлама жіберген сәттен бастап 10 күндік мерзім өткен соң жүргізетінімен келіседі. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің ұстап қалғаннан кейінгі қалған сомасы Мердігерге ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған, сондай-ақ ол Шарттың талаптарын бұзуға жол берген және оларды жоюы (мұндай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) мүмкін болған жағдайда, оны Қордың сенімсіз әлеуетті берушілерінің (берушілерінің) тізбесіне енгізбестен, 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Бұл ретте, Мердігер айыппұл санкцияларының толық сомасын Тапсырыс беруші сотқа талап-арыз бергенге дейін ерікті түрде төлеген немесе Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Мердігерге төленуге тиісті сомадан берешекті біржақты тәртіппен ұстап қалған жағдайда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Тапсырыс беруші ұстап қалмайды және Мердігер Қордың сенімсіз әлеуетті берушілерінің (берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді. Мердігерге Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтатылғанға дейін енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге тұтастай немесе ішінара үшінші тұлғалардың талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын әрекеттер жасауға жол берілмейді;

5.1.15. Шарттың талаптарына және оған қосымшаларға сәйкес Жұмыстардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге;

5.1.16. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін біліктілігі, тәжірибесі мен құзыреттілігі осы Шарт бойынша Мердігердің міндеттерін тиісінше орындауға мүмкіндік беретін мамандарды тартуға, сондай-ақ: тиісті сападағы, Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес келетін, оның ішінде тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстары кезінде материалдар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз ететін; Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану үшін кез келген міндеттемелер мен ауыртпалықтардан (Тапсырыс берушіге Жұмыстар нәтижесінің құрамында берілетін материалдар мен жабдықтарға қатысты) бос материалдар мен жабдықтарды пайдалануға;

5.1.17. Тартылған шетелдік персоналға қатысты қазақстандық персонал үшін тең жағдайлар мен еңбекақыны қамтамасыз етуге, оның ішінде:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.17.1. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлері арасында, оның ішінде еңбекақы саласында кемсітушілікке жол бермеуге;

5.1.17.2. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша азаматтығын көрсете отырып, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде жұмылдырылған Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпарат ұсынуға;

5.1.18. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіде Бұрғылау бағдарламасын жасауға, келісуге және бекітуге. Тапсырыс беруші Мердігерге Бұрғылау бағдарламасына қосу үшін бұрғылау кезіндегі гидравликалық бағдарламаны, бұрғылау ерітінділері бойынша бағдарламаны ұсынады;

5.1.19. Мұнай-газ көріністері болмаған кезде, Тапсырыс берушіде барлық Жұмыстардың, оның ішінде шегендеу колонналарын түсіру және цементтеу, перфорация аралықтары, СТҚ (НКТ) түсіру тереңдігі, Ұңғымаларды игеру жөніндегі Жұмыстардың жоспарларын жасауға, келісуге және бекітуге;

5.1.20. Өз балансында немесе жалдау негізінде Мердігерге Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін электр энергиясындағы қуатты жабуға мүмкіндік беретін дербес электр энергиясы көзінің болуына. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің электр желілеріне қосылған кезде, Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін, электр желілері иелерінен техникалық шарттарды алуы, техникалық шарттардың тармақтарын орындауы және Энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электр энергиясын жеткізуге шарт жасасуы тиіс;

5.1.21. Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесіне (№4 қосымша), техникалық ерекшелікке (№2 қосымша) сәйкес Шартта көзделген барлық Жұмыстарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде уақтылы және сапалы орындамағаны үшін Тапсырыс берушінің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болуға;

5.1.22. Егер олар нормативтік техникалық құжаттардың, Қолданылатын заңнаманың, Тапсырыс берушінің Қағидалары мен ішкі құжаттарының талаптары мен ережелеріне қайшы келмесе, Техникалық жобаны өзгертуге немесе толықтыруға қатысты, бірлік үшін Жұмыстардың құны өзгермеген кезде, барлық талаптарды орындауға;

5.1.23. Тапсырыс берушінің желілеріне қосылған жағдайда, өз есебінен техникалық шарттарды орындауға және электр желілеріне қосылу үшін шығыстарды (оның ішінде энергетикалық жабдықтарды, тіректерді, КТПН және т.б. сатып алуға) көтеруге;

5.1.24. Апаттарға әкеп соғуы, Тапсырыс берушінің Материалдары мен Жабдықтарына залал келтіруі, қоршаған ортаға, Персоналға залал келтіруі мүмкін барлық оқиғалар және Жұмыстардың уақтылы, сапасыз, толық орындалмауына әкеп соғуы немесе осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауды мүмкін етпейтін өзге де жағдайлар туралы Тапсырыс берушіге осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген тәртіппен кейіннен ақпаратты жібере отырып, Тапсырыс берушіні хабардар етудің барынша жеделдігін қамтамасыз ететін кез келген нысанда Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға. Осы Шарт бойынша Жұмыстар барысында және оларды үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Мердігер осындай жағдайлар мен мән-жайларды реттеу бойынша өзіне байланысты барлық шараларды қабылдауға міндетті;

5.1.25. Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші көрсеткен нысандар бойынша және мерзімдерде тәуліктік рапортты, тәуліктік мәліметті, техникалық айлық, тоқсандық, жартыжылдық және жылдық есептерді жүргізуге және ұсынуға. Мердігердің көрсетілген құжаттарды ұсынудан бас тартуы Тапсырыс беруші тарапынан Шарттың 10-бөліміне сәйкес Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзу үшін негіз болып табылады;

5.1.26. Жұмыстар басталған Күнге дейін Бұрғылау қондырғыларын бақылау жүйелерімен жарақтандыруға және Тапсырыс берушіге Жұмыстардың орындалу барысы туралы тиісті ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етуге. Бақылау жүйелері мен ұсынылатын ақпараттың тізбесі Тапсырыс беруші Техникалық ерекшелікте қоятын талаптарға сәйкес келуі тиіс;

5.1.27. Тапсырыс берушінің Өкілдеріне Бұрғылау қондырғысына және Мердігердің басқа Жабдықтарына еркін кіру, Бұрғылау қондырғысында болу және қозғалу құқығын беруге, нормативтік техникалық құжаттардың және Қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші Өкілдерінің тиімді қызметі үшін оның қарамағындағы барлық шараларды қабылдауға;

5.1.28. Мердігер сондай-ақ олардың Ұңғымадағы Жұмысы үшін жағдайларды қамтамасыз етеді. Әрбір Ұңғыманың құрылысы аяқталғаннан кейін нормативтік техникалық құжаттардың және Қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес құжаттарды (Ұңғыма ісін) Шарттың 22-қосымшаға сәйкес ұсынуға міндетті. Барлық геофизикалық зерттеулердің материалдары қағаз және электрондық тасығыштарда ұсынылады;

5.1.29. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер жобаға және салалық нормативтік құжаттарға сәйкес шығарындыға қарсы жабдықты орнату жолымен мұнай-газ-су көріністерінің профилактикасы мен алдын алуды қамтамасыз етуге міндетті;

5.1.30. Шарт бойынша Жұмыстарды орындаудың барлық кезеңінде Мердігер мұнай-газ-су көріністерінің профилактикасы, алдын алу және оларды жою мақсатында кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметтерімен және құралымдарымен қауіпті өндірістік объектілерге қызмет көрсетуге жеке шарт жасасуды қамтамасыз етеді;

5.1.31. Шарттық міндеттемелерді Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде орындау кезінде Мердігер қызметкерлерінің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тапсырыс берушінің рұқсаттық және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге;

5.1.32. Тапсырыс берушінің Өкілдерін олардың Ұңғымадағы Жұмысы үшін жағдайлармен, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, тұрумен, тамақтанумен және интернет-байланыспен қамтамасыз етуге;

5.1.33. Шартта көзделген орындалған Жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген нысанға сәйкес Орындалған жұмыстар актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактураны жазып беруге;

5.1.34. Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін қорытынды Орындалған жұмыстар актісімен бірге Тапсырыс берушіге Шартқа № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыстардағы ішкі елдік құндылық үлесінің нақты есебін ұсынуға. Егер Шарт ұзақ мерзімді болып табылса (он екі айдан астам мерзімге жасалатын немесе Жұмыстарды орындау мерзімі келесі күнтізбелік жылға өтетін болса), Мердігер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың қаңтар айының 20-сына дейін алдыңғы күнтізбелік жылдағы орындалған Жұмыстардың көлеміне ішкі елдік құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есебін ұсынуға міндетті;

5.1.35. Мердігер Шарт шеңберінде Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда, осындай қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) ескере отырып, орындалған Жұмыстардағы ішкі елдік құндылық үлесінің есебін ұсынуды қамтамасыз етуге;

5.1.36. Жұмыстардағы ішкі елдік құндылық үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың анықтығына кепілдік беруге;

5.1.37. Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесіне (№4 қосымша), техникалық ерекшелікке (№2 қосымша) сәйкес Шартта көзделген барлық Жұмыстарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде уақтылы және сапалы орындамағаны үшін Тапсырыс берушінің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болуға;

5.1.38. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Жұмыстарды өз күшімен, сондай-ақ, егер қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тарту шарттары тендерлік құжаттамада және тендерге қатысуға өтінімде және/немесе Шартқа қосымша болып табылатын техникалық ерекшелікте көзделсе, қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) күшімен және құралдарымен: тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен; өз материалдарымен және құралдарымен (аспаптармен және тетіктермен, көлікпен, арнайы техникамен, аспаптармен, ЖЖМ және т.б.) орындауға. Жұмыстарды Мердігер қолданыстағы нормалар мен қағидалардың, техникалық шарттардың талаптарын сақтай отырып, Жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмыс алаңынан өзінің қосалқы жабдықтарын шығара отырып орындауы тиіс;

5.1.39. Егер Шартта өзгеше белгіленбесе, Мердігер қызметкерлерін (қосалқы мердігерлерді) тасымалдауды, олардың тұруын және тамақтануын, сондай-ақ Шартты орындау кезінде техниканы, жабдықтар мен материалдарды кез келген орналасқан жерден Жұмыстарды орындау орнына дейін және кері қарай жұмылдыру мен жұмылдырудан босатуды өз есебінен қамтамасыз етуге. Өз жабдықтарын, техникасын жақсы, жұмысқа жарамды күйде ұстауға және Жұмыстарды орындау орнында кез келген уақытта қосалқы бөлшектердің, жабдықтардың және Мердігер материалдарының жеткілікті қорының болуын қамтамасыз етуге;

5.1.40. Тендерлік өтінімге сәйкес қосалқы мердігерлікке берудің рұқсат етілген көлемін қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге;

5.1.41. Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлерді тартқан жағдайда, Тапсырыс берушіге оларды тарту сәтінде Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынуға. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен, оның ішінде өндірістік, еңбек тәртібін және Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын (Ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, рұқсаттық режимді және жатақханаларда тұруды және т.б.) бұзғаны үшін босатпайды. Тапсырыс беруші қосалқы мердігердің Мердігермен жасалған шартты бұзуына байланысты талаптарды қосалқы мердігерге қоюға құқылы;

5.1.42. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Жұмыстарды орындаудан шеттетуді сұраса, бұл ретте объективті себептерді көрсетсе, Мердігер бұл тұлғаны Жұмыстарды орындаудан шеттетуге және 72 сағат ішінде Тапсырыс берушінің аумағынан шығаруға міндетті, осыдан кейін бұл тұлғаның осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысы болмауы тиіс;

5.1.43. Шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдарды, жабдықтарды, көлікті және арнайы техниканы пайдалану және пайдалану алдында Тапсырыс берушімен келісуге;

5.1.44. Пайдаланылатын материалдардың/қосалқы бөлшектердің/жиынтықтауыштардың, конструкциялардың, жабдықтардың сапасына толық жауапты болуға және олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген және/немесе Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасынан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен ақауды жойған жағдайда оларды ауыстыруға;

5.1.45. Орындалатын Жұмыстардың сапасын бақылауды жүргізуге, орындалатын Жұмыстардағы кемшіліктердің алдын алу және оларды жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.46. Тапсырыс берушінің аумағында, оның ішінде құрылыс және жұмыс алаңдарында тұрған, Шартты орындау үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, аспаптардың, көліктің және арнайы техниканың және т.б. (оның ішінде Жұмыстарды орындау орнында ұзақ уақыт тұрған) сақталуын, сондай-ақ Жұмыстардың нәтижесін Тапсырыс беруші қабылдап алғанға дейін оның сақталуын өз есебінен қамтамасыз етуге;

5.1.47. Жұмыстарды орындау процесінде Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге;

5.1.48. Тапсырыс берушінің аумағында табылған кез келген олжалар/қазбалар, оның ішінде монеталар мен құнды заттар, сондай-ақ антиквариат заттары, құрылыстар және тарихи, археологиялық, геологиялық немесе басқа да қызығушылық тудыратын, оның ішінде құндылығы бар өзге де қалдықтар немесе заттар туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға және оларды акт бойынша Тапсырыс берушіге беруге. Кез келген табылған заттар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады. Мердігер оның Персоналы, жұмысшылары немесе қандай да бір өзге де тұлғалардың жоғарыда аталған заттардың немесе нәрселердің кез келгенін шығаруын немесе бүлдіруін болдырмау үшін орынды сақтық шараларын қабылдауға міндетті. Осындай зат немесе нәрсе табылған кезде, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға міндетті, ол Мердігерге осы жағдайда қалай әрекет ету керектігі туралы нұсқаулар бере алады;

5.1.49. Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстар туралы нақты және толық ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ Жұмыстардың жинақтау ведомосін, барлық атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізуге;

5.1.50. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуге;

5.1.51. Шот-фактуралар мен Орындалған жұмыстар актілерін уақтылы ұсынуға;

5.1.52. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің талаптарынан төмен емес орындалатын Жұмыстардың тиімділік деңгейіне кепілдік беруге;

5.1.53. Орындалатын Жұмыстар бойынша тәуекелдерді, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыруды, сондай-ақ қоршаған ортаны ластауға байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген залалдың салдарын жою жөніндегі шығындарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті өз есебінен сақтандыруды жүзеге асыруға;

5.1.54. Тапсырыс берушінің аумағында Шарттың талаптарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитариялық, өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнаманың талаптарын, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы, оның ішінде Шартқа № 7 қосымшада көзделген талаптарды сақтауға, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі регламенттеуші құжаттарға сәйкес Жұмыстарды орындауға, Тапсырыс берушінің аумағында барлық қауіпсіздік шараларының орындалуын өз есебінен қамтамасыз етуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау кезінде жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтамағаны үшін толық жауапты болуға. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Мердігерге Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы немесе оның Жұмыстарының көлемі тек Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын жұмыстарға дейін қысқартылуы мүмкін, бұл ретте Мердігер Жұмыстарды тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады;

5.1.55. Мердігер және/немесе қосалқы мердігерлер жол берген заңнама бұзушылықтары үшін Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салатын кез келген өндіріп алуларды (оның ішінде айыппұл санкцияларын) толық көлемде өтеуге, сондай-ақ экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан бұзушылықтар үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық салдарларды толық жоюды, оның ішінде табиғи ресурстарды қалпына келтіруді жүргізуге;

5.1.56. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Мердігер/қосалқы мердігер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауын аудит (ішкі бақылау) жүргізуге;

5.1.57. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін рұқсат беру құжаттамасын (оны алу қажет болған жағдайда) алуға байланысты, сондай-ақ уәкілетті органдардың талаптарына байланысты барлық шығыстарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, өз бетінше көтеруге: орындалатын Жұмыстарға лицензиялар, сертификаттар; шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар; Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты Мердігердің кез келген осындай аспапты, жабдықты немесе технологияны ұсынуы немесе орындауы нәтижесінде немесе соның салдарынан болуы мүмкін аспаптарға, жабдықтарға, технологияға немесе оларды пайдалануға немесе дайындауға қандай да бір құқықтар мен басым құқықтарға қатысты кез келген патент ұстаушылар мен лицензиаттардың талаптарына байланысты. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттары, оның ішінде аурулардың таралуының эпидемиологиялық ауқымымен күресуге бағытталған іс-шараларға байланысты.

5.1.58. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуына байланысты кез келген (анық) ақпаратты және құжаттарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Жұмыстарды орындауға қатысты әрекеттердің мәртебесі бойынша ақпаратты және растайтын құжаттарды (мысалы, Мердігердің Жұмыстарды орындау үшін материалдарды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

алғанын растайтын актілердің көшірмелері және т.б.); Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) жұмыс істейтін персоналының біліктілік құрамы; Жұмыстарға тартылатын көлік, арнайы техника, жабдықтар және олардың құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттары, қолданылатын құрылыс және өзге де материалдар, сондай-ақ Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігі бойынша ұсынуға;

5.1.59. Тапсырыс берушіні дереу ескертуге және: а) Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындау тәсілі туралы нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдарлары; б) Жұмыстарды одан әрі орындаудың теріс нәтижесі немесе орынсыздығы; в) орындалатын Жұмыстардың жарамдылығына немесе сапасына қатер төндіретін немесе оларды мерзімінде орындау мүмкін еместігін тудыратын Мердігерге байланысты емес өзге де мән-жайлар табылған кезде оның нұсқауларын алғанға дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға. Жұмыстарды орындауды жалғастырудың орындылығы туралы мәселені Тапсырыс беруші Жұмыстарды тоқтата тұру туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тараптар шешеді;

5.1.60. Шарт жасалған күннен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде Жұмыстарға тартылатын барлық көлікті техникалық құралдармен (GPS терминалдарымен) жарақтандыруға. Мердігердің көлігіне орнатылатын GPS терминалдары Тапсырыс берушінің GPS мониторингінің бірыңғай жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуі тиіс (техникалық шарттарды Тапсырыс беруші Мердігердің сұрау салуы бойынша ұсынады). Осы Шарттың тармағының талаптарына сәйкес келмейтін көлікке Тапсырыс берушінің кен орындарының аумағына кіруге бас тартылуы мүмкін, бұл ретте Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады;

5.1.61. Тапсырыс берушіге берілген Шарт бойынша Жұмыстардың нәтижелеріне және тиісінше олар бойынша ақшалай талаптарға үшінші тұлғалардың айрықша және өзге де құқықтарының болмауын қамтамасыз етуге. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстардың немесе олардың бір бөлігінің нәтижелеріне айрықша құқықтарды беруге міндеттенеді;

5.1.62. Мердігер қызметкерлерінің (қосалқы мердігерлердің) Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты емес Тапсырыс берушінің аумағы бойынша орын ауыстыруына (жүріп-тұруына) жол бермеуге;

5.1.63. Мердігер/қосалқы мердігер қызметкерлеріне ауысым алдындағы медициналық тексеріп-қарауды өткізуді өз есебінен қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында уақытша құрылыстарды (вахталық кенттерді) орналастыру кезінде қауіпсіздік жөніндегі талаптарды орындауға. Қауіпсіздік жөніндегі талаптарға мыналар жатады: бейнебақылау жүйесінің болуы, күзеттің немесе қауіпсіздікке жауапты адамның болуы;

5.1.64. Егер Шартта Жұмыстарды жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына және Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы нормаларға сәйкес орындау көзделсе, онда Мердігер Жұмыстарды осы құжаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте орындауға міндеттенеді;

5.1.65. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынғандардың барлығын (қағаз және электрондық тасығыштардағы ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және т.б.) қайтаруға;

5.1.66. Егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілсе, Жұмыстарды орындау үшін қажетті отандық тауарларды сатып алуға;

5.1.67. Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарын тиісінше орындамау, сондай-ақ басқа да заңсыз әрекеттер салдарынан келтірілген барлық шығындарды өтеуге. Құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа да үшінші тұлғалар Мердігер орындаған Жұмыстарға шағымдар келтірген, соның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынған немесе қандай да бір шығын сомалары өндіріп алынған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушіге осы айыппұл (өсімпұл) сомасын және шығындарды дереу өтеуге тиіс;

5.1.68. Мердігер Шартта көзделген Жұмыстарды салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып орындауға міндетті, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді есептеудің уақтылылығы мен дұрыстығын, сондай-ақ салық есептілігін жасаудың дұрыстығын және салық органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге. Мердігер осы тармақты және Шарттың өзге де талаптарын тиісінше орындамаған, оның ішінде дұрыс емес ақпарат берген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған шығындарды, қоса есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын қоса алғанда, өтеуге міндеттенеді. Шығындарды өтеу жөніндегі міндеттеме Тапсырыс беруші үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

5.1.69. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану шеңберінде және/немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар жүргізу арқылы Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) немесе растамау фактілерін анықтаса, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС-ның артық сомасын қайтарудан бас тартылса немесе салықтарды қоса есептеуге ауыртпалық салынса, онда Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-ның барлық артық сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де салынған салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт тікелей Мердігердің өзімен қарым-қатынаспен шектелмейді, сонымен қатар Мердігердің жеткізушілерімен қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

есеп айырысуларды растамау, қосылған құн салығын қайтармау және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге ұсынған салықтар мен қаржылық санкцияларды қоса есептеу жағдайларына әкеп соққан қарым-қатынастарға да қолданылады;

5.1.70. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі және/немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар жүргізу шеңберінде босату шарттарының Мердігерге қолданылмауы себебінен төлем көзінен салық салудан босатуды негізсіз қолдануды анықтаса, онда Мердігер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге тиісті барлық салықтар мен қаржылық міндеттемелердің сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген оқиғалардың басталғанын растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

5.1.71. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес резидент емес болып табылса және Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруды талап етпейтін мерзім шегінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметтер көрсетсе немесе Жұмыстарды орындаса, халықаралық шарттың ережелерін қолдану мақсатында мұндай резидент емес резиденттігін растайтын құжатпен қатар Тапсырыс берушіге: резидент емес тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген, резидент емес заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін немесе сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) үзінді көшірмені немесе өзге де ұқсас құжатты ұсынады. Шетелдік мемлекеттің заңнама талаптарына сәйкес резидент еместе құрылтай құжаттары немесе сауда тізілімінде (акционерлер тізілімінде) немесе резидент емес тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатта тіркелу міндеттемесі болмаған жағдайда, мұндай резидент емес салық агентіне: резидент емес тіркелген тиісті шетелдік мемлекеттің органы растаған, құқықтық (заңды) күші бар, резидент еместі құруға негіз болған құжатты (актіні) немесе резидент емес қатысушысы болып табылатын шоғырландырылған топтың ұйымдастырушылық құрылымын көрсететін, оның барлық қатысушыларының атауын және олардың географиялық орналасқан жерін (шоғырландырылған топтың қатысушылары құрылған (мекемеленген) мемлекеттердің (аумақтардың) атаулары және шоғырландырылған топтың барлық қатысушыларының мемлекеттік және салықтық тіркеу нөмірлері) көрсететін өзге де құжатты ұсынады;

5.1.72. Тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіні Жұмыстарды орындау барысы туралы хабардар етуге, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың көлемі мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсынуға;

5.1.73. Мердігер қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерімен келтірілген залалды, қызметтік міндеттерін орындау кезінде де, олармен байланысты емес, оның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кезде де, егер залал белгіленген тәртіппен дәлелденсе және заңды күшіне енген сот актісімен расталса, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтеуге. Залалды өтеу Мердігердің қаражаты есебінен, оның ішінде Тапсырыс берушінің Мердігерге барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша төлеуге тиесілі сомалар есебінен жүргізілуі тиіс. Осы тармақтың қолданылуы сондай-ақ Мердігер Жұмыстарға (қызметтерге) тартқан және олар үшін Мердігер осы Шарт бойынша жауапты болатын барлық қосалқы мердігерлерге де қолданылады;

5.1.74. Құрылыс және жұмыс алаңын тазартуды, Жұмыстарды орындау кезеңінде де, олар аяқталғаннан кейін де барлық қалдықтар мен құрылыс қоқыстарын жинауды, шығаруды, кәдеге жаратуды өз есебінен қамтамасыз етуге;

5.1.75. Жұмыстарды жүргізу тәртібін, Тапсырыс беруші персоналын оқытуды, сондай-ақ жабдықты іске қосу және пайдалану үшін қажетті барлық құжаттарды (егер мұндай жұмыстар Шартта көзделсе) мемлекеттік қадағалау органдарымен келісуге, кейіннен оларды Тапсырыс берушіге беруге;

5.1.76. Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағына кіру/шығу, сондай-ақ көлік құралдарының, арнайы техника мен персоналдың жүріп-тұруы/болуы кезінде Тапсырыс берушіге және/немесе оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар / күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген жүріп-тұруға рұқсаттаманы(ларды), сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың талап етуі бойынша Тапсырыс берушінің және/немесе оның өкілінің (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/күзет қызметтері) Мердігердің көлік құралдары мен арнайы техникасына толық тексеріп-қарау жүргізу құқығын, оның ішінде тиісті құжаттарды ұсынуға. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге кіргізбеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда аумақтан тыс жерге шығарып жіберуге немесе ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

5.1.77. Орындалған жұмыстар актісімен бірге қалдықтың кәдеге жаратылғанын растайтын залалсыздандыру актісін және кәдеге жарату актісін, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем бойынша нотариалды куәландырылған салық декларацияларының көшірмелерін ұсынуға (егер Шарт қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша жұмыстарды орындауды көздесе);

5.1.78. Жұмыстарды орындау кезеңінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар үшін қажетті төлемдерді жүргізуге (егер Шарт қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша жұмыстарды орындауды көздесе);

5.1.79. Егер Шарттың мәні жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу болып табылса, Мердігер жобалау алдындағы және/немесе жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорына енгізілген (бар болса) құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын көрсетуі тиіс;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.80. Егер Шарттың мәні бойынша белгіленген тәртіппен бекітілген сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бар құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу болып табылса, Мердігер салынып жатқан объектіні монтаждауға, жарақтандыруға жататын және (немесе) құрылыс кезінде тұтынылатын тауарларды сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес Веб-порталда ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алынатын тауарды тауар өндірушілерден және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Мердігер Тапсырыс берушімен Шарт жасасқан күнге дейін (тендер қорытындысы бойынша) тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан коммерциялық ұсыныстарды қарайды. Тауардың бағасы мен сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Мердігер тендердің қорытындысын шығару күніне ең төмен бағаны ұсынған, сатып алынатын тауарды тауар өндірушімен және/немесе сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуы тиіс. Бұл ретте, тендер қорытындысы шығарылғаннан кейін коммерциялық ұсыныстар берілген жағдайда, Мердігер коммерциялық ұсыныс берілген сәтте ұсынылатын тауарларды жеткізуге шарттың болуын, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкес келмеуін қоспағанда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды. Мердігер осы тармақтың нормасын орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар тиісті (қорытынды) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін. Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау Мердігердің Тараптар тиісті (қорытынды) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күнге дейін сатып алынатын тауарларды/ұйымды (ұйымдарды) тауар өндірушіден(лерден) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың), тауарларды қабылдау-тапсыру актілерінің көшірмесін (көшірмелерін) ұсынуы болып табылады;

5.1.81. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға жеткізілетін тауарлардың сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

5.1.82. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және бұдан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге Шартты орындауға жұмылдырылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен үлестестік белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып ақпарат ұсынуға. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады;

5.1.83. Ұзақ мерзімді Шарт жасасқан кезде (он екі айдан астам мерзімге жасалатын), Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталған күннен бастап айлық мерзімде Жұмыстарды орындау кезінде жұмылдырылған Мердігердің/Қосалқы мердігердің (-лердің) басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерін «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша оқытуды өз есебінен ұйымдастыруға міндетті;

5.1.84. Егер Шарттың мәніне «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасымен (бұдан әрі- ҰКП) келісу бойынша Сатып алу жөніндегі Қор Операторы бекіткен, орындау кезінде тауарларды сатып алу тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесінен жұмыстар кірсе, Мердігер тиісті тізбеге енгізілген жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауарды тауар өндірушілерден және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Жұмыстар шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін ҰКП-мен келісу бойынша Сатып алу жөніндегі Қор Операторы бекітеді. Мердігер осы тармақтың нормасын орындамаған жағдайда, Мердігер міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар тиісті (қорытынды) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін. Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау Мердігердің Тараптар тиісті (қорытынды) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күнге дейін сатып алынатын тауарларды/ұйымды (ұйымдарды) тауар өндірушіден(лерден) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың), тауарларды қабылдау-тапсыру актілерінің көшірмесін (көшірмелерін) ұсынуы болып табылады. Мердігер тауардың бағасы, сипаттамалары мен жеткізу мерзімдері Шарттың талаптарына байланысты Мердігердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Бағасы Мердігердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйым ұсынған тауар(лар)дың бағасынан төмен тауарды(ларды) сатып алу туралы шарттың(тардың) көшірмесін(лерін) және қабылдау-тапсыру актісін(лерін) ұсынады;

5.1.85. Мердігердің тиісті қызметкерлеріне Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне Мердігердің тендерлік өтінімінде көрсетілген жалақыны белгілеуге. Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау Мердігердің есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-сы күніне дейін тоқсан сайын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді ұсынуы болып табылады;

5.1.86. Әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау шеңберінде, Шартқа Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес өзгерістер енгізу кезінде, Шартты орындау үшін жұмылдырылған Мердігер қызметкерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарын тиісінше ұлғайтуды жүргізуге. Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау Мердігердің есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-сы күніне дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді, сондай-ақ Мердігер қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған шығыстардың ұлғайғанын растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынуы болып табылады;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.87. Шартта көзделмеген, бірақ Шарт бойынша Жұмыстарды орындау шарттарынан туындайтын өзге де міндеттерді орындауға.

5.1.88. Геологиялық асқыну туындаған кезде Мердігер оны жою жөніндегі жұмыстарды бастамас бұрын, асқыну анықталған сәттен бастап 2 (екі) сағат ішінде Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлама жіберуге және хабарлама жіберілген сәттен бастап 6 (алты) сағат ішінде жұмыстарды одан әрі орындау мүмкіндігін алу үшін Тапсырыс берушінің келісуіне ұсынылатын іс-шаралар жоспарын беруге міндетті. Мердігер дербес әзірлеген Геологиялық асқынуды жою жөніндегі техникалық және экономикалық тұрғыдан негізделген іс-шаралар жоспары жұмыстарды орындау және аяқтау мерзімдерін, қажетті ресурстарды, күтілетін нәтижені және болжамды шығындарды қамтуға тиіс. Тапсырыс берушінің көрсетілген іс-шараларды қарауы Мердігерді қабылданған техникалық және технологиялық шешімдер, олардың қауіпсіздігі мен тиімділігі үшін жауапкершіліктен босатпайды.

5.1.89. Тапсырыс беруші Мердігерден жоғарыда көрсетілген іс-шаралар жоспарын алғаннан кейін осы жоспарды қарауға және келісуге не Мердігер оны сәйкестікке келтіргенге дейін келісуден бас тартуға міндетті. Осы тармаққа сәйкес әрбір әрекетті орындау мерзімі 12 (он екі) сағаттан аспауға тиіс. Көрсетілген уақыт 5.1.93-тармақта белгіленген жалпы уақыт ұзақтығына енгізілмейді.

5.1.90. Мердігер іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жұмыстарды орындау кезінде қысқа мерзімде оқшаулау және жою, сондай-ақ осыған байланысты шығындарды барынша азайту үшін техникалық тұрғыдан негізделген және қолжетімді барлық шараларды қабылдауға міндетті.

5.1.91. Жұмыстардың орындалу барысы мен нақты жұмсалған уақыт Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің (бұрғылау супервайзерлері мен БКРС ПСП инженерлерінің) бақылауына жатады және 5.1.92-тармаққа сәйкес рәсімделетін тиісті далалық актіде тіркеледі. Мұндай акт болмаған жағдайда жұмыстар жарамсыз деп танылады.

5.1.92. Геологиялық асқынудың туындау фактісі, оның туындау себептері, басталу және аяқталу уақыты нақты геологиялық-техникалық деректерді талдау негізінде Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған екіжақты далалық актімен расталады. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші Геологиялық асқынудың туындау себептерін анықтау және оны растау үшін тәуелсіз сараптамалық, жобалау немесе өзге де мамандандырылған ұйымды тартуға құқылы.

5.1.93. Геологиялық асқынуды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізудің нақты уақытының алғашқы 72 (жетпіс екі) сағаты, оның есебі Тараптар іс-шаралар жоспарын 5.1.89-тармаққа сәйкес келіскеннен кейін басталады, Мердігердің есебінен орындалады және оның туындау себептеріне қарамастан, Тапсырыс беруші тарапынан қосымша ақы төлеуге жатпайды. Шартта көзделмеген және расталған Геологиялық асқынуды жоюға тікелей байланысты, көрсетілген 72 сағаттық кезең аяқталғаннан кейін пайдаланылған қосымша тауарлық-материалдық құндылықтар, мамандандырылған қызметтер мен жұмыстар жеке есепке алынады және тек нақты жұмсалған, құжаттармен расталған әрі Тапсырыс берушімен келісілген шығындар бойынша ғана төленеді. Қосымша шығындарды қарау және төлеу үшін негіз болып 5.1.91 және 5.1.92-тармақтардың талаптарына сәйкес келетін, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған екіжақты далалық актілер табылады. Аталған актілер Геологиялық асқынудың сипатын, оны жою кезеңін, нақты орындалған жұмыстарды, жұмсалған уақытты және пайдаланылған тауарлық-материалдық құндылықтарды растауға тиіс. Сонымен қатар Мердігердің құжаттармен расталған және Тапсырыс берушімен келісілген шығындар калькуляциясы ұсынылады. Геологиялық асқынуды жою уақытының есебін жүргізу өздігінен оны қосымша төлеуге негіз болып табылмайды. Жұмыстарды негізсіз созуға, Мердігердің тиімсіз әрекеттеріне, оның жабдықтарының ақаулығына, қажетті ресурстардың болмауына немесе Мердігердің жауапкершілік аймағына жататын өзге де мән-жайларға, оның ішінде өнімсіз уақытқа байланысты туындаған уақыт пен шығындарды Тапсырыс беруші төлемейді.

5.1.94. Тапсырыс берушінің бір ұңғымадағы Геологиялық асқынуды жоюға жұмсайтын шығындарының жиынтық мөлшері Шарт бойынша тиісті ұңғыма құрылысының құнының 20%-ынан аспауға тиіс.

5.1.94.1. Жұмыстарды қаржыландыру Тапсырыс берушінің геологиялық-техникалық кеңесінің (ГТК) тиісті хаттамамен ресімделген шешімі негізінде ғана, ұңғыма құрылысын одан әрі жалғастырудың техникалық және экономикалық орындылығы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

5.2. Мердігердің:

5.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

5.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қоюды талап етуге;

5.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

5.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

5.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

5.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

5.2.8. Осы Шарттың ережелеріне сәйкес Тапсырыс берушінің Кен орындарына және Жұмыс алаңына қол жеткізуге;

5.2.9. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

5.2.10. Мердігер бірлік үшін құн өзгермеген кезде, Тапсырыс берушіге Техникалық жобадан өзгеше, жедел шешім қабылдауды талап ететін, ұңғыманы салу процесінде Жұмыстарды орындаудың неғұрлым сапалы, прогрессивті тәсілдерін келісуге ұсынуға құқылы. Мұндай ұсыныстар Тапсырыс берушімен және Жоба авторымен жазбаша келісілген жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

5.3. Тапсырыс беруші:

5.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

5.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

5.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

5.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

5.3.5. Мердігерге ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға;

5.3.6. Мердігерден көрсетілген құжатты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындалған жұмыстар актісі бойынша орындалған жұмыстарды қабылдауға не көрсетілген мерзімде орындалған Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберуге. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер болған кезде Мердігерге оларды жою мерзімін көрсете отырып, кемшіліктер тізбесін жіберуге;

5.3.7. Орындалатын Жұмыстардың көлемінің, құны мен сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бақылауды және техникалық қадағалауды жүзеге асыруға. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

5.3.8. Мердігерге осы Шарттың қолданылу кезеңінде Шарт бойынша Жұмыстарды жүргізуге бөлінген Жұмыс алаңын пайдалануға рұқсат беруге. Мердігерден барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты алғаннан кейін оған 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде ұңғымалардың геофизикалық зерттеулерінің деректерін интерпретациялауға байланысты тиісті рұқсаттарды ұсынуға; ұңғыманы жобалық тереңдікке дейін жеткізген кезде – 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде; пайдалану колоннасын белгілі бір тереңдікке түсіруге – 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде;

5.3.9. Тапсырыс беруші: осы Шарттың талаптарына сәйкес Ұңғыма салуға арналған Техникалық жобаларды, ҚОӘБ (ОВОС) жобаларын әзірлеуді және Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мердігерге уақтылы беруді; жұмыс басталғанға дейін 10 күнтізбелік күн бұрын әрбір ұңғымаға эмиссияларға рұқсат беруді; Ұңғыма Салуды қадағалауды жүргізуді; құрылысқа арналған, қазықшалармен белгіленген жерлерді бөлуді ресімдеуді; Жұмыстар басталғанға дейін Мердігерге ұңғыма-нүктелерін орнына шығару үшін координаттарды уақтылы беруді және оны Мердігермен бірге ұңғыма-нүктесін белгілеген Қосалқы мердігерден қабылдауды; бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін жеке шарт бойынша шикі мұнаймен ақылы негізде қамтамасыз етуді, бұл ретте осы материалдардың бағалары бөгде ұйымдарға орындалатын/көрсетілетін Тапсырыс берушінің өнімдеріне, Жұмыстары мен қызметтеріне жіберу бағаларын есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады; қажет болған жағдайда, Ұңғымаларды игеру бойынша Жұмыстарды орындау үшін шикі мұнай Мердігерге Техникалық жобаға сәйкес көлемде өтеусіз беріледі; Мердігердің жазбаша телефонограммасы бойынша, сіңіру аймақтарының пайда болуы болжанатын ерекше жағдайларда, өнімді горизонтты ашуға дейін, сапалы жүргізуде асқынулардың алдын алу үшін, пайдалану колоннасын түсіруді және бекітуді жүргізу, жоғарыда көрсетілген Жұмыстар аяқталғанға дейін әрекет ететін айдау ұңғымаларын тоқтатуды қамтамасыз етеді. Көрсетілген ұңғымалар тоқтатылмаған жағдайларда, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлай отырып, Жұмыстарды тоқтата тұруға құқылы.

5.4. Тапсырыс беруші құқылы:

5.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

5.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

5.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

5.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

5.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

5.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

5.4.7. Осы Шартта және оған қосымшаларда көрсетілген Жұмыстарды сапалы және уақтылы орындауды және Жұмысты орындау барысында немесе орындағаннан кейін кемшіліктерді жоюды талап етуге;

5.4.8. Мердігер кемшіліктерді жою жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Жұмыстарды (немесе оның бір бөлігін) орындауды аяқтау немесе тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлауға;

5.4.9. Кез келген уақытта Жұмыстардың барысы мен сапасын/Шарттың талаптарының сақталуын, Жұмыстарды орындау мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың болуы мен сапасын, автокөлік пен арнайы техниканың болуын, Мердігер (қосалқы мердігерлер) мамандарының біліктілігін және т.б. өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып тексеруге, бұл ретте Мердігер тиісті қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс. Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелердің талаптарына сәйкессіздіктер мен бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Тапсырыс беруші мен Мердігер өкілдері қол қойған тиісті актіде анықталған бұзушылықтарды көрсетеді (Мердігердің актіге қол қоюдан бас тартуы Шартта көзделген тиісті шараларды қолданбауға негіз болып табылмайды), бұл ретте Мердігерге (қосалқы мердігерге) көрсетілген сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Жұмыстарды орындау үшін өндірістік объектілерге кіруге бас тартылуы мүмкін;

5.4.10. Ескертулер болған жағдайда, олар толық жойылғанға дейін Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюдан бас тартуға;

5.4.11. Мердігердің атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын қоса алғанда, осы Шарт бойынша төлемдер сомасы туралы ақпаратты қамтитын, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ сұрау салуы бойынша осы Шарт бойынша кез келген ақпаратты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қауіпсіз мекенжайына банктік үзінді көшірмені ұсынуға;

5.4.12. Мердігерден Шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұратуға;

5.4.13. Мердігермен келісу бойынша өзара есеп айырысу есебіне Жұмыстарды орындау үшін қолданылатын қолда бар материалдарды және басқа да мүлікті босатуға;

5.4.14. Егер Тапсырыс берушіде Жұмыстарға қажеттілікті азайту қажеттілігі туындаса, оның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасы төмендеген кезде, Тапсырыс беруші:

5.4.14.1. Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта осы Шарттың 10.3-тармағына сәйкес Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

5.4.14.2. қосымша келісім жасасу жолымен Жұмыстарға қажеттілікті азайтуға құқылы. Бұл ретте, Шарттың 5.4.14.1 және 5.4.14.2-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, Тапсырыс беруші Мердігерге нақты орындалған Жұмыстар көлемі үшін ақы төлейді;

5.4.15. Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларының талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін анықталған бұзушылықтарды немесе сәйкессіздіктерді толық жойғанға дейін Мердігердің немесе қосалқы мердігердің/лердің персоналы мен көлік құралдарының Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруін шектеуге;

5.4.16. Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағындағы кез келген уақытта және орында/объектіде, Шарттың талаптарына сәйкес, тиісті құжаттары бар (ҚР көлік құралын тіркеу туралы куәлік, жүргізуші куәлігі, маршруттық парақ, тауар-көлік жүккұжаты, ТМҚ қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы тексеруге және қарап-тексеруге және т.б. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге кіргізбеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда аумақтан тыс жерге шығарып жіберуге немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы.

5.4.17. Мердігердің келісімінсіз, бірақ Мердігерді алдын ала хабардар ете отырып, Мердігердің жекелеген кезеңдерді және Жұмыс түрлерін тиісінше және сапалы орындауын бақылау үшін техникалық мамандарды қосымша тартуға;

5.4.18. Тапсырыс берушінің техникалық мамандары Жұмыстардың жекелеген түрлерін жүргізу кезінде де, олардың нәтижелерін қарап-тексеру кезінде де сапаны, технологиялардың сақталуын, қолданылатын жабдықтар мен материалдардың Техникалық жобаның

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

талаптарына сәйкестігін бақылауға құқылы;

5.4.19. Мердігер өз міндеттемелерін сақтамаған және Мердігер Персоналы, Қосалқы мердігерлер өздеріне жүктелген міндеттемелерді, оның ішінде қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді өрескел бұзған жағдайда, осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігер, Қосалқы мердігерлер Персоналына қол жеткізуді тоқтатуға;

5.4.20. Осы Шарттың 17-бабының ережелеріне сәйкес Мердігер, Қосалқы мердігерлер Жұмыстарды орындау кезінде жасалуы мүмкін зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне тиісті мүліктік құқықтарға ие болуға; Осы Шарт бойынша Тапсырыс берушінің Жұмыс алаңында Мердігердің, Қосалқы мердігердің Жұмыстарын орындау нәтижесінде туындауы мүмкін кез келген экономикалық артықшылықтарға айрықша мүліктік құқықтарға ие болуға;

5.4.21. Тапсырыс беруші Мердігердің немесе Қосалқы мердігердің/лердің персоналы мен көлік құралдарының Рұқсаттық режим қағидаларының талаптарын сақтамағаны үшін олар анықталған бұзушылықтарды немесе талаптарға сәйкессіздікті толық жойғанға дейін Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруін шектеуге құқылы;

5.4.22. Мердігерден өндірістік қуаттардың, активтердің бар-жоғын растауды және қаржылық тұрақтылықты растайтын өзге де құжаттарды сұратуға, сондай-ақ Мердігерге барып тексерулер жүргізуге.

6. Техникалық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы талаптар

6.1. Мердігер міндетті:

6.1.1. Жұмыстардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Тапсырыс берушінің еңбек қатынастары саласындағы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) бойынша, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі регламенттеуші құжаттарына сәйкес орындалуын қамтамасыз етуге;

6.1.2. Қауіпсіздікті басқару, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жүйесінің талаптарын сақтамау және еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтар нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар мен салдарлар үшін Тапсырыс берушінің, мемлекеттік бақылаушы органдардың, өзге де мүдделі тұлғалардың алдында толық жауапты болуға;

6.1.3. Мердігердің және оның қызметкерлерінің қызметі нәтижесінде болған оқиғалар салдарынан мемлекеттік бақылаушы органдар Тапсырыс берушіге залалды өтеу және айыппұл санкцияларын төлеу жөнінде талаптар қойған жағдайда, Тапсырыс берушіге залал мен айыппұлдар сомаларын төлеуге байланысты барлық шығыстарды толық көлемде өтеуге;

6.1.4. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде экологиялық талаптарды сақтауға;

6.1.5. Шарттың талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының (Саясаттар, Қағидалар, оның ішінде Алтын қағидалар, нұсқаулықтар, регламенттер және т.б.) талаптарын, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың, оның ішінде еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы еңбек және экологиялық заңнаманың талаптарын сақтауға, Жұмыстарды қауіпсіз орындау тұжырымдамасын қолдауға және нөлдік жарақаттануға ұмтылуға. Мердігер осы бөлімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті шарттарды, талаптар мен стандарттарды сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұза отырып, Мердігерге Жұмыстардың қалған көлемін орындауға тыйым салуға немесе тыйым салуға негіз болған себептерді жою сәтіне дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға құқылы, немесе Жұмыстардың көлемі тек Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын жұмыстарға дейін қысқартылуы мүмкін. Бұл ретте Мердігер Шарттың мерзімдеріне сәйкес Жұмыстарды уақтылы орындауға жауапты болады;

6.1.6. Жұмыстардың мамандандырылған көлікпен және тиісті сападағы жабдықпен орындалуын қамтамасыз етуге;

6.1.7. Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға, оның ішінде кіру визаларын, тұруға рұқсаттарды, еңбек қызметі Жұмыстарды орындауға байланысты Мердігердің барлық қызметкерлеріне, агенттеріне немесе Мердігердің қызмет көрсетуші қызметкерлеріне жұмысқа рұқсаттарды қоса алғанда, Мердігерге қажетті барлық рұқсат беру құжаттарын, оның ішінде лицензияларды, сертификаттарды және мемлекеттік және өзге де органдардың өзге де рұқсаттарын өз есебінен алуға және толық күшінде және қолданыста сақтауға;

6.1.8. Жұмыстар орындалатын объектінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

6.1.9. Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін жеткілікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз етуі, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Жұмыстарды орындауға қатысатын Мердігердің кез келген персоналын: • өз міндеттерін орындау кезінде құзыретсіздік немесе ұқыпсыздық танытқан немесе Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысатын; • қауіпсіздікке, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға қатысты Шарттың талаптарын сақтамайтын қызметкерді ауыстыруы тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша барлық ішкі талаптарының орындалуын, ал қажет болған жағдайда Мердігердің қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің ӨББ (ПСП) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ Қызметімен келісілуі және Мердігер мен Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерімен бекітілуі тиіс;

6.1.11. Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігер қызметкерлерінің дайындығын және Заңнамалық талаптарға сәйкес денсаулық жағдайын ауысым алдындағы/рейс алдындағы медициналық куәландырудан өтудің тиісті тәртібін қамтамасыз етуге;

6.1.12. Тапсырыс берушіге Жұмыстарды орындау учаскесінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының орындалуына жауапты өзінің уәкілетті өкілі мен Мердігердің басқа да қызметкерлерінің тегін хабарлауға;

6.1.13. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Қосалқы мердігерлерді тартқан жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Қосалқы мердігердің Шартта көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестігі туралы ақпаратты ұсынуға және Тапсырыс берушіден Шарттың 4.3-тармағына сәйкес Рұқсат – кіруді алуға міндетті. Мердігер Қосалқы мердігерлермен жасалатын шарттарға осы бөлімде көзделген талаптарды енгізуге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер Қосалқы мердігерлермен жасалған шарттардың көшірмелерін ұсынуға және Тапсырыс берушіде мәтін бойынша ескертулер болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті;

6.1.14. Мердігердің барлық қызметкерлерінің Жұмыстарды сапалы орындау үшін қажетті тиісті кәсіптерде тәжірибесі мен біліктілігі болуын, еңбек тәртібін сақтауын және Жұмысқа немесе оның орындалуына қатысты ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық белгіленген Заңнамалық талаптар мен Тапсырыс берушінің талаптарын орындауын қамтамасыз етуге. Мердігер Жұмыстарды өзі қызметін жүзеге асыратын саланың (индустрияның) ең жоғары стандарттары бойынша орындауы тиіс. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер Жұмыс учаскесіне кіру үшін қажет болуы мүмкін Мердігер қызметкерлерін қосымша оқытуды өз есебінен қамтамасыз етеді (мысалы, жүргізушілер үшін қорғаныстық және қысқы жүргізу);

6.1.15. Мердігердің және (немесе) Қосалқы мердігерлердің қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне зиян келтіруге, Мердігердің жабдықтарын немесе мүлкін жоғалтуға, бүлдіруге немесе пайдалану мүмкін еместігіне қатысты кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдан, жарнамадан немесе шығындардан (сот шығындары мен шығыстарын қоса алғанда) Тапсырыс берушіні қорғауға, өтеуге және сақтауға, бұл ретте Тапсырыс берушінің немқұрайлылығына немесе міндеттерін елемеуіне қарамастан, өйткені осы тармақшаға сәйкес, Жұмыстарды орындау үшін Мердігер меншіктенген, жалдаған немесе ұсынған барлық жабдықтар Мердігердің жабдықтары немесе мүлкі болып саналуы тиіс;

6.1.16. Мердігердің қызметкерлерінен, жабдықтарынан немесе мүлкінен туындайтын қоршаған ортаның кез келген ластануына байланысты туындайтын кез келген жауапкершіліктен немесе шығындардан Тапсырыс берушіні қорғауға, өтеуге және сақтауға;

6.1.17. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде Мердігер өз есебінен Заңнамалық талаптарға сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етуге және Шарттың қолданылу мерзімі ішінде оны қолдауға және Тапсырыс берушіге сақтандыру полистерінің куәландырылған көшірмелерін ұсынуға тиіс, оған мыналар кіреді: Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру; Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өз кәсіби міндеттерін абайсызда орындағаны үшін жауапкершілігін жабуы тиіс ерікті негізде кәсіби жауапкершілікті сақтандыру, сондай-ақ Тапсырыс берушінің, Мердігердің және Мердігер көрсеткен Жұмыстарды орындауға қатысатын Қосалқы мердігерлердің атына бірлесіп, Жұмыстарды, Жұмыс құжаттамасын, Жабдықтар мен Материалдарды қалпына келтіру құнынан кем емес сақтандыру сомасына, бұзу және құрылыс қоқыстарын шығару шығындарын қоса алғанда, мүліктік залалдың барлық тәуекелдерінен Жұмыстарды сақтандыру. Мұндай сақтандыру Мердігер Жұмыс алаңына жұмылдырылғанға дейін ұйымдастырылуы тиіс. Мердігер Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдағаннан кейін Кепілдік кезеңінде ақауларды жою үшін Мердігер немесе Қосалқы мердігер орындайтын Жұмыстарға қатысты, сондай-ақ осы Шартта Кепілдік кезеңінде көзделген басқа да Жұмыстарды орындауға қатысты сақтандыруды қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Кепілдік кезеңі мерзіміне осындай сақтандыру шартының қолданылуын ұзартуды қамтамасыз етуі тиіс. Қолданылатын заңнамада белгіленген мөлшерде осы Шарт бойынша Мердігердің Жұмыстарын қамти отырып, Апат нәтижесінде байқаусызда ластану мен ластану үшін жауапкершілікті қоса алғанда, кез келген оқиға немесе оқиғалар қатары үшін Үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті жалпы сақтандыру. Жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру. Көлік құралдарын пайдалану кезінде Үшінші тұлғаларға және жолаушыларға зиян келтіргені үшін жауапкершілікті Қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес, Қолданылатын заңнамада белгіленген мөлшерде сақтандыру қамтуымен сақтандыру. Мердігер Қосалқы мердігерлердің өздері пайдаланатын автокөлік құралдарына қатысты сақтандырудың осындай түрін ұйымдастыруын қамтамасыз етеді. Міндетті экологиялық сақтандыру, оның ішінде Қоршаған ортаны ластау, және Қоршаған ортаға келтірілген залалдың салдарын жою, оның ішінде Қолданылатын заңнамада белгіленген сомалар шегінде ластанған жағдайда тазарту және оқшаулау жөніндегі шығыстар. Жұмыс алаңына дейін және одан Жабдықтар мен Материалдарды тасымалдау және қоймаға орналастыру кезіндегі қамтуды қоса алғанда, Мердігердің мүлкін қалпына келтіру құны негізінде барлық тәуекелдерден мүлікті сақтандыру. Мердігер Қосалқы мердігерлердің сақтандырудың осындай түрін ұйымдастыруын қамтамасыз етеді. Мердігер әрбір жеке Жабдықты және Материалдарды құрылыс алаңына тасымалдау кезінде және оның Жұмыс алаңында немесе оған жақын жерде болған барлық мерзімі ішінде сақтандыра алады. Мұндай сақтандыру Мердігер Жұмыс алаңына жұмылдырылғанға дейін ұйымдастырылуы тиіс. Ұңғыманың бақылаудан шығуы және/немесе ұңғыманы бақылауға алу. Ұңғыма бақылаудан шыққан жағдайда қайталап бұрғылау операциялары. Медициналық және қажет болуы мүмкін басқа да сақтандыру түрлері. Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті кез келген басқа да сақтандыру түрлері.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1.18. Мердігер осы Баптың талаптарына орай қамтамасыз етуі тиіс сақтандырудың кез келген түрінде: тиісті сақтандырушылардың Тапсырыс берушіге немесе оның тиісті сақтандырушыларына қарсы суброгацияға құқығы жоқ; осы Баптың талаптарына сәйкес жасалатын кез келген сақтандыру полисі Тапсырыс берушінің осындай сақтандыру полистері бойынша қосымша сақтандырылған болып табылуын көздеуі тиіс; сақтандырылғандардың бірінің сақтандырушыға хабарламасы барлық сақтандырылғандардың атынан хабарлама болып есептеледі; бір сақтандырылушының ақпаратты ашудан бас тартуы басқа сақтандырылушылардың сақтандыру шарты бойынша талаптарды ұсыну құқықтарына нұқсан келтірмейді деген шарттар қамтылуы тиіс. Мердігер сақтандыру шарттары бойынша талаптарды ұсынуға негіз болуы мүмкін кез келген оқиға туралы Тапсырыс берушіге жазбаша түрде қысқа мерзімде хабарлауға міндетті. Осы Бапты орындамау ешбір жағдайда Мердігерді осы Шарт бойынша кез келген міндеттемелерден босатуға қызмет етпеуі тиіс. Егер Мердігердің сақтандыру компаниясы қандай да бір себеппен келтірілген залал немесе шығындар үшін жауапкершіліктен бас тартса, немесе егер Мердігердің осы Шартқа немесе Қолданылатын заңнамаға сәйкес талап етілетін сақтандыру полистері болмаса, онда Мердігер жауапты болады және осындай бас тартуға байланысты немесе соның нәтижесінде туындайтын кез келген жауапкершіліктен, талаптардан, сот талқылауларынан, залалдан, шығыннан, шығыстардан және жұмсалымдардан Тапсырыс берушіні қорғауы, сақтауы және босатуы тиіс. Бұған қоса, егер Мердігер осы Баптың талаптарына сәйкес сақтандыруды қамтамасыз ете алмаса, Тапсырыс беруші Мердігердің осы Шартта көрсетілген міндеттемелері өзгеріссіз қалатынын ескере отырып, Шартты бұзу немесе Мердігердің есебінен талап етілетін сақтандыруды алу құқығын өзіне қалдырады. Мердігер кез келген Қосалқы мердігерден осы Қосалқы мердігер орындайтын Жұмыстарға қатысты Қолданылатын заңнамаға сәйкес сақтандыруды және сомаларды сатып алуды талап етуі тиіс. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге тартылатын әрбір осындай Қосалқы мердігердің сақтандыруын растайтын сақтандыру полистерін ұсынуға міндетті. Шарт бойынша немесе Қолданылатын заңнамаға сәйкес Мердігерден талап етілетін сол сақтандыру қамтулары, Тапсырыс беруші ұйымдастырған кез келген сақтандыру қамтуынан сақтандыру өтеміне Мердігердің қатысу құқығынсыз әрқашан бастапқы сақтандыру қамтулары болып саналуы тиіс.

6.2. Оқиғалар туралы хабардар ету, ағымдағы көрсеткіштер және тергеу жүргізу саласында:

6.2.1. Тапсырыс берушіге анықталған сәттен бастап 1 сағаттан кешіктірмей, барлық оқиғалар, оның ішінде дәрігерге дейінгі және (немесе) білікті медициналық көмек көрсету жағдайлары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ/Тапсырыс берушінің алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты Саясатын бұзу туралы мәліметтерді дереу ұсынуға;

6.2.2. Заңнамалық талаптарға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастыруға. Оқиғаларды тергеп-тексеруді заңнамалық талаптарда және Тапсырыс берушінің ішкі талаптарында көзделген тәртіппен, Тапсырыс беруші, Мердігер өкілдерінің және тартылатын Қосалқы мердігерлердің (қажет болса), сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің міндетті қатысуымен комиссия жүзеге асырады. Тергеу жөніндегі комиссияға қатысудан бас тартуға жол берілмейді;

6.2.3. Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) күніне дейінгі мерзімде Тапсырыс берушінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын тұлғаның жазбаша сұрау салуы бойынша есептілік нысандарына сәйкес, денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы өз жұмысының нәтижелері туралы ақпаратты жедел ұсынуға, онда мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс: • жұмыс уақытын жоғалтумен байланысты барлық жазатайым оқиғалар (өндіріспен байланысты және байланысты емес), жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ Тапсырыс берушінің объектілеріндегі оқиғалар (апаттар, өрттер, жарылыстар, мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуі, адамдардың өмірі мен денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға, мүлік пен жабдыққа материалдық зиян келтіруге әкеп соққан жағдайлар) туралы; • Тапсырыс берушінің объектілерінде Жұмыстар (қызметтер көрсету) үшін тартылатын Мердігер қызметкерлерінің саны, Мердігер персоналының Жұмыстарды жүргізу орнында жұмыс істеген жұмыс уақытының саны туралы; • Тапсырыс беруші үшін Жұмыстарды орындауға жұмылдырылған автотехниканың жалпы саны, сондай-ақ Мердігер автокөлік құралдарының жиынтық жүрген жолы туралы; • қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен қызметкерлердің саны бойынша; • қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға жұмсалған шығындар бойынша.

6.2.4. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындайтын Мердігердің қызметімен тікелей немесе жанама байланысты, Тапсырыс беруші оның ішкі рәсіміне сәйкес бастамашылық еткен оқиғаны тергеп-тексеруге қатысуға. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде Жұмыстарды орындау кезінде Мердігерде болған оқиғалардың тікелей және түпкілікті себептерін талдау және тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің жауапты тұлғасын қосуға.

6.3. Көлік қауіпсіздігі саласында:

6.3.1. Тапсырыс берушінің кен орнында орналасқан Мердігердің арнайы техникасы, автомашиналары және/немесе автобустары жақсы жұмыс істейтін техникалық жағдайда болуы, қауіпсіздік техникасының барлық талаптарына сәйкес келуі, сондай-ақ GPS терминалдары жүйесімен жабдықталуы тиіс. Мердігер жылдамдық режимін бақылау, жол парақтарын есепке алу және қауіпсіз қозғалыс үшін қажетті басқа да параметрлер үшін жол парағында көрсетілген бағытқа мониторинг жүргізуді – «Көліктік қамтамасыз етуді есепке алу» ақпараттық жүйесімен (ККЕА АЖ) интеграциялау үшін көлік құралдарының барлық GPS терминалдарын Тапсырыс берушінің GPS мониторингінің бірыңғай платформасына қосуы тиіс. Мердігер қауіпті жүктерді (сұйытылған көмірсутекті газ, мұнай, газ конденсаты, қалдықтар және т.б.) тасымалдайтын көлік құралдарын, осы тасымалдарға мониторинг жүргізетін Тапсырыс берушінің диспетчерлік қызметіне қосыла отырып, цистерналардағы сұйықтық деңгейін үздіксіз өлшеуді қамтамасыз ететін GPS терминалдары жүйесіне байланған өлшеу құралдарымен қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер автокөліктің белгілі бір мердігерлік ұйымға тиесілігін жедел анықтау үшін автокөліктің барлық түрлеріне тану белгілерін (логотиптер, тақтайшалар, басқа) орнатуы тиіс. Автокөлік құралдарының шиналарында жол қозғалысы қағидаларының талаптарына сәйкес келетін протектор суретінің жеткілікті биіктігі, қысқы кезеңде - алдыңғы және артқы қысқы шиналар болуы тиіс;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.3.2. Мердігер: • жүргізушілерді оқытуды және жеткілікті біліктілігін; • көлік құралдарына тұрақты ТҚК жүргізуді; • жүргізушілерге мерзімді медициналық тексеріп-қараулар жүргізуді; • жолаушыларды, багажды, жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тұрақты және тұрақты емес тасымалдау маршруттарында жұмыс істейтін көлік құралдарының жүргізушілерін рейске дейінгі және рейстен кейінгі тексеріп-қарауды жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.

6.4. Жеке қорғаныш құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз ету және қолдану саласында:

6.4.1. Мердігердің барлық персоналы жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі және оларды Жұмыстарды өндіру орнында тұрғын үй-жайлардан тыс жерде болған уақытта пайдалануы тиіс;

6.4.2. Тапсырыс берушінің объектілеріне Жұмыстарды орындау үшін алғаш рет келетін Мердігердің барлық персоналы кәсіпшіліктегі ЕжҚБ инженерінен немесе бұл үшін арнайы уәкілеттік берілген Тапсырыс берушінің басқа тұлғасынан кіріспе нұсқамадан өтуі тиіс;

6.4.3. Жұмыстарды жүргізу орнында Мердігер персоналының Азаматтық қорғау және еңбекті қорғау қауіпсіздігі саласындағы тиісті оқыту мен аттестаттау фактісін растайтын белгілері бар куәлігі болуы тиіс;

6.4.4. Мердігерде Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің бірінші талабы бойынша Азаматтық қорғау және еңбекті қорғау қауіпсіздігі бойынша оқыту мен аттестаттаудан өткізу, Тапсырыс берушінің объектілерінде Жұмыстарды орындайтын персоналға нұсқамалар өткізу Кестелері болуы және оларды ұсынуы тиіс.

6.5. Алкогольді, есірткіні және уытты заттарды пайдалануға тыйым салу:

6.5.1. Мердігер: • персоналды алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде Жұмысқа жібермеуге (жұмыстан шеттетуге); • өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда, Жұмыстарды өндіру орнына және персоналдың тұратын жерлеріне алкогольді, есірткі немесе уытты заттарды алып кіруге және сақтауға жол бермеуге міндетті.

6.5.2. Көрсетілген шектеулерді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында, Тапсырыс беруші Жұмыстарды өндіру орнына және персоналдың тұратын жеріне жеткізілетін барлық көлік құралдарына, заттар мен материалдарға тексерулер мен тексеріп-қараулар жүргізуге құқылы;

6.5.3. Егер осындай тексеріп-қарау нәтижесінде көрсетілген тыйым салынған заттар немесе мас күйіндегі персонал анықталса, онда олар Жұмыстарды жүргізу немесе тұру орнына жіберілмейді.

6.6. Еңбек қатынастары саласында:

6.6.1. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында Мердігер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын, оның ішінде: Еңбек шарттарын жасасу тәртібі, олардың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптар; Еңбек шарты жасалғаннан кейін ғана тұлғаны жұмысқа жіберу; Жұмыс уақытының ұзақтығы мен режимі; Еңбекті ұйымдастырудың ауысымдық жұмысы мен вахталық әдісі; Түнгі уақыттағы жұмыс және үстеме жұмыс; Қызметкерлердің демалысы; Еңбекке ақы төлеудің ең төменгі мөлшері және еңбекке ақы төлеу саласындағы кепілдіктер; Жалақыны төлеу тәртібі мен мерзімдері бөлігінде, қатаң сақтауға міндеттенеді.

6.6.2. Өндіріс мәдениетінің, денсаулықты сақтаудың заманауи деңгейін қамтамасыз ету, жұмысқа қабілеттілікті және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында өз қызметкерлері үшін келесідей әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге: Шартты орындау кезінде жұмылдырылған Мердігердің барлық өндірістік қызмет орындарында ыстық тамақпен және ауыз сумен қамтамасыз етуге, атап айтқанда: қызметкерлерді қанағаттандыратын сапалы тамақтандыруды қамтамасыз етуге, күнделікті бақылауды ұйымдастыруға. Тағамның сіңімділігі жоғары, дәмі жақсы, пайдаланылатын азық-түліктердің әртүрлілігі, ағзаның қажеттіліктерін толық қанағаттандыратын тиісті химиялық құрамы болуы тиіс. Ауыр дене еңбегімен айналысатын қызметкерлер үшін тұтынылатын энергия, ақуыздар, майлар мен көмірсулардың ұсынылатын мөлшері күніне 3450-ден 3600 ккал-ға дейін болуы тиіс. Осыған байланысты қызметкерлердің тамақтану рационы жұмсалған энергияны толықтыруы және бір түскі ас (кешкі ас) үшін кемінде 1500 ккал құрауы тиіс; деформацияланған, шеттері сынған, жарылған, сынықтары бар, эмалі зақымдалған ас үй және асхана ыдыстарын; алюминийден жасалған асхана аспаптарын; пластмассадан және престелген фанерадан жасалған кесу тақтайларын пайдалануға жол бермеуге; тамақ дайындау орындары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуі тиіс, термостық тамақтандыру жағдайында, сондай-ақ Мердігер қызметкерлерінің тамақты дайындау мен қабылдаудың барлық кезеңдерінде жоғарыда көрсетілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету қажет. Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін (қаладан тыс жерде, жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын жерде) қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге, атап айтқанда: вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлерді жұмыс өндіру объектісінде болған кезеңде тұрғын үймен қамтамасыз етуге. Жатақханалардағы тұрғын бөлмелердің ауданы бір адамға кемінде 6 м2 есебінен айқындалады; төсек-орын жабдықтарын, сүлгілерді және басқа да жұмсақ мүкәммалды аптасына кемінде 1 рет ауыстыруды жүзеге асыруға; жуу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, құрғақ және ылғалды тазалауды – күн сайын қажеттілігіне қарай, бірақ күніне кемінде 1 рет жүзеге асыруға; өртке қарсы қорғаныстың ішкі жүйесімен, өрт дабылы мен түтін датчиктерінің үздіксіз жұмысын, өрт қауіпсіздігі шараларын қамтамасыз етуге; электртехникалық жабдықтар мен желілердің, суық-жылумен жабдықтау жүйесінің, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерінің, желдету жүйесінің үздіксіз және авариясыз жұмысын, сондай-ақ профилактикалық жұмыстар жүргізуді қамтамасыз етуге; санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкес жатақханаларды таза ұстау үшін (ҚР-да қолдануға рұқсат етілген) жуу, дезинфекциялау құралдарымен және қағаз сүлгілермен, дәретхана қағаздарымен материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз етуге. Тапсырыс берушінің объектілерінде (қаладан тыс жерде, жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын жерде) қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін Мердігерде жеке үй-жайлар болмаған жағдайда, Мердігер өз қызметкерлерін тұру жағдайларымен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушінің көрсетілген объектілерінде бар тұрғын үй-жайларды пайдалануға қол жеткізу үшін шаралар қабылдауға міндетті. Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін қызметкерлерді Тапсырыс берушінің объектілеріне жеткізу, сондай-ақ объектілер арасында жүріп-тұру үшін көлікпен қамтамасыз етуге, бұл ретте: Мердігерде жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға және көлік қызметтерін көрсетуге барлық рұқсат беру құжаттары болуы тиіс; жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдарының жиынтықтамасы: кондиционерлеу және/немесе желдету жүйесі, жылыту жүйесі, жұмсақ орындықтар, автобустар мен микроавтобустардың салондары таза, орындықтары зақымдалмаған және реттелетін болуы тиіс; көлік құралдары жайлылық талаптарына жауап беруі, барлық жолаушылар үшін қауіпсіздік белдіктері және жазғы және қысқы кезеңде толық техникалық жабдықталуы болуы тиіс. Мердігердің Шарттың талаптарына толық сәйкес міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді қажетті мөлшерде және жұмысқа жарамды күйде еңбек құралдарымен қамтамасыз етуге, атап айтқанда: еңбек құралдарымен немесе механикалық еңбек құралдарымен (станоктармен, машиналармен, жабдықтармен, аспаптармен және т.б.).

6.6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігердің Жұмыстарды орындау процесін тоқтатуына тыйым салынады;

6.6.4. Жұмыстарды орындау үшін тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, Мердігер осындай мән-жайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға өз ұйымының бірінші басшысының тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

6.6.5. Мердігер еңбек жанжалдары туындаған кезеңде Жұмыстарды орындауды толық тоқтатуды болдырмайтындай етіп персоналдың жұмысын ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті;

6.6.6. Мердігер ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары кезінде іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау кезіндегі кідірістерді барынша болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды реттеу шараларына уақтылы оқытуға міндетті;

6.6.7. Мердігердің өз күшімен реттеу мүмкін болмайтын еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, ол осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды тезірек шешу үшін өз есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті;

6.6.8. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, Тапсырыс берушіге қызметкерлердің ұжымдық талаптарымен байланысты барлық қажетті ақпаратты және құжаттаманы (дәлелді ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсынуға.

6.7. Қызметкерлер арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу мақсатында Мердігердің қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасау тәртібі

6.7.1. Мердігер қызметкерлері арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу және қызметкерлерді ұйымның қызметі туралы хабардар ету мақсатында Мердігер ішкі коммуникациялардың келесі тетіктерін қамтамасыз етеді: Мердігердің бірінші басшысы жыл сайын бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1 қыркүйекке дейін және жыл қорытындысы бойынша 1 наурызға дейін өз қызметкерлерімен әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша кездеседі, онда еңбек ұжымы Мердігердің өндірістік көрсеткіштері туралы хабардар етіледі, ал Мердігердің басшылығы қызметкерлердің сұрақтары мен ұсыныстарын жинайды, оларға жауаптар береді; Мердігердің бірінші басшысы өз ұйымының қызметкерлерін жеке мәселелер бойынша айына кемінде бір рет қабылдауды жүзеге асырады; Мердігер өз қызметкерлерінің өтініштерін қарауды және өтініш берушілердің қабылданған шешімдер туралы жауаптар алуын қамтамасыз етеді.

6.8. Тапсырыс берушінің Мердігердің осы Шарттың 6.6 – 6.9-тармақтарында көзделген осы талаптардың ережелерін сақтауын тексеру тәртібі.

6.8.1. Тапсырыс беруші Мердігердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және осы талаптардың, оның ішінде Шарттың 6.6 – 6.9-тармақтарында көзделген ережелерін сақтауын жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізуге құқылы. Тексеру нәтижелері осы Шартқа №18 қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша Тексеру парағын жасау жолымен ресімделеді. Жоспарлы тексерулер жылына кемінде 1 рет жүргізіледі. Жоспардан тыс тексерулер: Мердігер қызметкерлерінің заңды құқықтарының бұзылуы туралы келіп түскен өтініштер мен арыздар; бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар; мемлекеттік органдардан және өзге де көздерден, оның ішінде Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғаларынан келіп түскен мәліметтер негізінде жүргізіледі. Тапсырыс беруші тексерулер жүргізу барысында Мердігер: Тапсырыс берушіге өзекті және объективті деректерді ұсынуға; Тапсырыс берушінің әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік сипаттағы барлық объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

6.9. Мердігердің еңбек қатынастары саласындағы ілеспе міндеттемелері

6.9.1. Мердігер: әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы теріс көріністердің туындауының ықтимал факторларын, себептерін, жағдайлары мен алғышарттарын анықтау және тіркеу тұрғысынан еңбек ұжымындағы ахуалға үздіксіз мониторинг пен талдауды жүзеге асыруға; еңбек ұжымындағы әлеуметтік наразылықтардың туындауының нақты және ықтимал тәуекелдерін зерделеуге, бағалауға және болжауға; қандай да бір әлеуметтік-еңбек жанжалдары туындаған немесе туындап келе жатқан жағдайда Тапсырыс берушіні хабардар етуге. Бұл ретте, қызметкерлердің өкілдерімен келіссөздер процесіне кірісуге және қолданыстағы заңнамаға сәйкес туындаған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жағдайды шешу бойынша шаралар қабылдауға; Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тартылатын қосалқы мердігерлік ұйымдарға ұқсас талаптарды белгілеуге міндеттенеді.

6.10. Қоршаған ортаны қорғау саласында:

6.10.1. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 339-бабына сәйкес Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде пайда болған барлық өндіріс және тұтыну қалдықтарының (мұнай шламынан басқа), оның ішінде өзінің шикізаты мен материалдарынан, сондай-ақ Тапсырыс беруші ұсынған және соңғысы оны пайдаланғаннан кейін қалдық деп таныған шикізат пен материалдардың да меншік иесі болып табылады. Жоғарыда көрсетілген қалдықтарды тасымалдауды Мердігер Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, дербес немесе мамандандырылған ұйымды тарта отырып жүзеге асырады. Резервуарларды, сыйымдылықтарды, кәсіпшілік ішіндегі мұнай құбырларын және басқа да объектілерді тазарту жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайда болған мұнай шламдарын Мердігер өз күшімен және құралдарымен Тапсырыс берушінің мұнай шламын уақытша сақтау полигонына шығарады. «Ластаушы төлейді» қағидатына сәйкес, Тараптар экологиялық заңнамаға сәйкес қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғаның иелігіне осындай қалдықтарды беру сәтіне дейін қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге жауапты болады;

6.10.2. Егер Шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің аумағында Мердігердің өндірістік базасы және/немесе вахталық кенті орналастырылатын болса, Мердігер Тапсырыс берушінің аумағында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуі, өндірістік сұйықтықтардың төгілуіне немесе оның материалдармен, жабдықтармен негізсіз үйіліп қалуына жол бермеуі, сондай-ақ Мердігер қызметкерлерінің осы аумақ үшін айқындалған Тапсырыс берушінің режимін және нормативтік актілердің, оның ішінде экология, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптарын сақтауын қамтамасыз етуі тиіс. Осы мақсаттарда Мердігер инженерлік-техникалық қызметкерлердің құрамынан Тапсырыс берушінің аумағында жоғарыда көрсетілген талаптардың қамтамасыз етілуіне жауапты тұлғаны тағайындайды;

6.10.3. Осы Шартта көзделген Жұмыстарды орындау процесінде Мердігер Жұмыстар объектісін және ұйымның орналасу орындарын өз күшімен және құралдарымен өз қоқысынан және оның қызметінде пайда болатын өндіріс пен тұтынудың барлық өзге де қалдықтарынан жүйелі түрде тазартуды қамтамасыз етеді;

6.10.4. Мердігер қалдықтарды орналастыру орындарында орналастыру кезінде экологиялық талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады;

6.10.5. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігер кен орнының инженер-экологының қатысуымен, Тапсырыс беруші тарапынан Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойылғанға дейін, орналасу орнынан немесе орнынан барлық жеке жабдықтары мен техникасын, материалдардың артық қалдықтарын және т.б. шығарады, өзі тұрғызған уақытша ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеуді жүргізеді, осы Жұмыстардан пайда болған қалдықтарды шығаруды жүргізеді және өзінен кейін Жұмыс орнын және/немесе орналасу орнын экологиялық талаптарға және санитариялық нормаларға сәйкес келетін күйде қалдырады, бұл ретте алаң Тапсырыс беруші комиссиясының актісі бойынша тапсырылады;

6.10.6. Жұмыстарды жүргізу кезінде Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағында әртүрлі қалдықтардың рұқсат етілмеген үйінділерінің пайда болуына жол бермеуге, әйтпесе Мердігерге осы Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады;

6.10.7. Мердігер ай сайын, әрбір есепті айдың 25-і күніне дейінгі мерзімде, сондай-ақ тоқсанына бір рет Тапсырыс берушіге Шартқа №19 қосымшаға сәйкес экологиялық рұқсаттарда белгіленетін эмиссиялар нормативтеріне сәйкес қоршаған ортаға әсер ету туралы есептерді (экологиялық есептер) ұсынуға міндетті. Мердігер осы тармақтың міндеттемелерін ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 7.1-тармағында белгіленген мерзім шегінде Мердігерге Шарттың 7.5-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, Орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде ұсынбаған кезде Тапсырыс беруші осы Шарттың 10.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы;

6.10.8. Мердігер ҚР ЭК 185-бабына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын өз есебінен орындауға, ластанудың және қоршаған ортаға әсер етудің барлық көздері бойынша өлшемдерді жүзеге асыруды ескере отырып, өндірістік мониторинг жүргізуге және Тапсырыс берушіге қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмейтін мерзімде өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептерді ұсынуға міндеттенеді. Мердігер осы тармақтың міндеттемелерін ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 7.1-тармағында белгіленген мерзім шегінде Мердігерге Шарттың 7.5-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, Орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде ұсынбаған кезде Тапсырыс беруші осы Шарттың 10.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы;

6.10.9. Есепті кезең (тоқсан) аяқталғаннан кейін Мердігер төлемге шотты алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде осы Шарт бойынша Мердігер ұсынған төлемдер тізіліміне сәйкес, жеке ластау көздері бойынша қоршаған ортаға шығарындылар үшін міндетті төлемдер бойынша шығыстарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті. Уақтылы төленбеген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге тиесілі төлемнен жоғарыда көрсетілген төлемдер бойынша шығыстар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы;

6.10.10. Мердігер ұсынылған экологиялық есептер бойынша деректердің анықтығына жауапты болады. Мемлекеттік органдар тарапынан тексеру кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге қойылған айыппұл сомасын толық

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мөлшерде өтеуге міндеттенеді.

6.10.11. Осы Шарт шеңберіндегі барлық Жұмыстарды Мердігер амбарсыз әдіспен (сұйықтықтың тұйық айналымымен) орындайды.

6.10.12. Шарт бойынша Мердігердің өнімді горизонттарды ластайтын жуу сұйықтықтарын қолдануына жол берілмейді.

6.10.13. Мердігер осы бөлімнің Жұмыстарды орындауға қойылатын талаптарын бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерге жазбаша хабарлай отырып, Мердігер осы бөлімнің талаптарын бұзуды жойғанға дейін Жұмыстарды тоқтата тұруға құқылы.

6.10.14. Осы бөлімнің негізінде Жұмыстарды тоқтата тұрудан Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығыстар, залалдар мен жұмсалымдар Мердігердің кінәсінен Тапсырыс берушіге келтірілген шығыстарға, залалдар мен жұмсалымдарға жатады және оларды Мердігер Тапсырыс берушіге өтейді.

6.10.15. Осы бөлімнің талабын бұза отырып, Жұмыстарды орындау салдарынан қоршаған ортаға келтірілген залалды, сондай-ақ осы бөлімді бұзудың салдарын жою жөніндегі шығыстарды Мердігер өтейді.

6.10.16. Мердігердің кінәсі дәлелденген жағдайда, егер бұл залал Мердігер тарапынан ұңғымаларды физикалық жою технологиясын сақтамау салдарынан туындаса, Мердігер кез келген жер асты қабатына немесе горизонтына қатысты келтірілген залал үшін жауапты болады.

6.11. Өндірістік бақылау саласында:

6.11.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігердің және (немесе) Қосалқы мердігерлердің осы Шарттың бабының ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және азаматтық қорғау саласындағы заңнамалық және өзі қоятын талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруы үшін Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің Жұмыстарды өндіру орындарына, вахталық кенттерге және өндірістік базаларға кедергісіз баруын қамтамасыз етуі тиіс;

6.11.2. Бұзушылықтар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге бұзушылықтарды жоюдың ұсынылған мерзімдерін көрсете отырып, тиісті акт береді. Мердігер (немесе) Қосалқы мердігер мұндай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оны Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен ресімдейді;

6.11.3. Егер Мердігер қандай да бір себептермен бұзушылықтарды ұсынылған мерзімде жоя алмаса, онда Тапсырыс берушімен бірлесіп, келісілген мерзімдерді көрсете отырып, Бұзушылықтарды жою жөніндегі жоспар әзірленеді;

6.11.4. Мердігер бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты ай сайынғы есептіліктің құрамында береді;

6.11.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде болған апаттар, оқиғалар және жазатайым оқиғалар үшін ішкі тергеп-тексеру нәтижесінде Мердігердің кінәсі анықталған кезде, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді;

6.11.6. Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің кінәсінен болмаған, сондай-ақ олар өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі және өнеркәсіптік санитария қағидаларын бұзған жағдайда, Мердігердің кез келген қызметкерінің немесе Мердігер тартқан үшінші тұлғаның жарақаттануы, зақымдануы немесе қайтыс болуы үшін жауапты болмайды;

6.11.7. Мердігер немесе Жұмыстарды орындау үшін тартылған қосалқы мердігерлік ұйым Тапсырыс берушінің аумағында жол-көлік оқиғаларына, оқиғаларға, апаттарға, төгілулерге, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы қағидалары бөлігінде жол берген кезде, залалдың болуына қарамастан Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады;

6.11.8. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігерден Тапсырыс берушінің пікірі бойынша өз міндеттерін орындауға құзыретсіз немесе Тапсырыс берушінің мүдделерін бұзатын іс-әрекеттерде айыпталатын немесе мінез-құлқы Тапсырыс берушіге зиян келтіретін Мердігердің кез келген қызметкерін Тапсырыс беруші үшін шығынсыз жұмыстан шеттетуді талап етуге құқылы, және Мердігер Тапсырыс беруші үшін қосымша шығынсыз бағынуға және, егер бұл талап етілсе, қолайлы ауыстыруды дереу жүзеге асыруға міндетті болады;

6.11.9. Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін, оның ішінде айыппұлдарды, өсімпұлдарды төлеуді, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген зиянды өтеуді қоса алғанда, дербес жауапты болады. Егер Тапсырыс беруші Мердігердің жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылса, соңғысы Тапсырыс берушіге осыған байланысты келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді;

6.11.10. Жұмыстарды орындау процесінде болған Тапсырыс беруші қызметкерлерімен болған оқиғалар үшін Мердігердің кінәсі болған кезде, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды өтеуге міндеттенеді;

6.11.11. Мердігердің осы баптың талаптарын сақтамауы, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бұзуы осы Шарттың талаптарын елеулі бұзу болып табылады және Тапсырыс берушіге осындай бұзуға байланысты Мердігердің шығындарын өтеу жөніндегі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тапсырыс берушінің міндеттемелерінсіз осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу құқығын береді.

7. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

7.1. Мердігер Ұңғыма Салу бойынша барлық Жұмыстар аяқталғаннан және осы Шартта ескерілген барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін Тапсырыс берушіге Жұмыстардың аяқталғаны туралы хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші, барлық қажетті құжаттар ұсынылған жағдайда, 10 жұмыс күні ішінде Жұмыстардың нәтижелерін қабылдауды жүргізеді немесе Техникалық жобаның талаптарына сәйкес Жұмыстар сапасыз орындалған жағдайда қабылдаудан бас тартады. Келесі актілерге қол қою Жұмыстардың аяқталуы болып табылады: Ұңғымалар аумағын қалпына келтіру актісі; Ұңғыма Салудың техникалық құжаттамасын қайтару актісі; Орындалған жұмыстар актісі; Ұңғыманы Тапсырыс берушіге қабылдау-тапсыру актісі; Ұңғымаға түсірілген жабдықтардың құнын көрсете отырып, орындалған Жұмыстарды қабылдау актісі.

7.2. Орындалған жұмыстар актісіне қол қою кезінде Тапсырыс беруші тиісінше орындалған Жұмыстардың бір бөлігін қабылдауға және барлық растайтын құжаттар болған кезде Жұмыстардың осындай бөлігіне ақы төлеуге құқылы. Мердігер орындалған Жұмыстардағы кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін Жұмыстардың қалған бөлігін қабылдауды Тапсырыс беруші жүргізеді.

7.3. Орындалған Жұмыстарды (Жұмыс кезеңін) Мердігердің тапсыруы және оларды Тапсырыс берушінің қабылдауы екі Тарап қол қойған Орындалған жұмыстар актісімен ресімделеді.

7.4. Тапсырыс беруші талап етуге құқылы, ал Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген тәртіппен онлайн-платформаны пайдалана отырып, Орындалған жұмыстар актілерін электрондық форматта келісуге және қол қоюға міндеттенеді.

7.5. Жұмыстарды қабылдау кезінде Шарттан ауытқулар және өзге де кемшіліктер, оның ішінде Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер табылған жағдайда, Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша Мердігерден: Жұмыстағы кемшіліктерді Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде тегін жоюды; Жұмыс үшін белгіленген бағаны пропорционалды түрде азайтуды талап етуге құқылы. Барлық кемшіліктерді Тараптар жеке Актіде немесе Жұмыстарды қабылдауды куәландыратын өзге де құжатта, не Тапсырыс берушінің Мердігерге жазбаша нысанда жіберген хабарламасында, оларды жою мерзімін көрсете отырып, ескертеді.

7.6. Орындалған Жұмыстарды қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтиже алынған сәтке дейін қайталанады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Жұмыстарға ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің басталуы осындай рәсімнің мерзіміне ұзартылады. Мердігер орындалған Жұмыстардағы кемшіліктерді жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмыстардың құнын төлемеуге құқылы.

7.7. Мердігер анықталған кемшіліктер мен ақаулар туралы Актіге қол қоюдан бас тартқан немесе оларды жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші өз ескертулерінің негізділігін растау үшін тәуелсіз сараптама тарту туралы мәселеге бастамашылық етуге құқылы, оның шешімі екі Тарап үшін де міндетті болады. Тәуелсіз сараптаманың қызметтеріне ақы төлеу сараптаманың қорытындысына сәйкес кінәлі деп танылатын Тарапқа жүктеледі.

7.8. Бар кемшіліктер, ақаулар жойылғаннан кейін екі Тараптың уәкілетті өкілдері Шарт бойынша Орындалған жұмыстар актісіне қол қояды.

7.9. Орындалған Жұмыстардың көлемі мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Мердігерге қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде (жасырын ақаулар) анықталмайтын кемшіліктер анықталған сәттен бастап ([он]) жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Мердігер ([он]) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Мердігер мойындады деп есептеледі.

7.10. Веб-порталда Шарт жасасқан жағдайда, Мердігер Шарттың 7.1-тармағында көзделген қағаз тасығыштағы құжаттармен бір мезгілде Тапсырыс берушіге осы құжаттарды Веб-портал арқылы электрондық түрде де жіберуі тиіс.

8. Кепілдіктер және Сапа

8.1. Барлық орындалған Жұмыстардың сапасы Шартқа қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ТШ, СТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуі тиіс.

8.2. Ұңғыманы қалыпты пайдаланудың кепілдік мерзімі тараптар Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 6 (алты) айды құрайды. Пайдалану колоннасына (оның ішінде пайдалану колоннасының тұтастығына, пайдалану колоннасының артындағы цемент тасына, колоннааралық кеңістіктің герметикалығына) кепілдік мерзімі тараптар Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 12 (он екі) айды құрайды, немесе ұңғыманы бірінші жөндеуге дейін.

8.3. Жұмыстарға кепілдік мерзімі Шартта көрсетілген мерзімге белгіленеді және Тараптар Жұмыстар аяқталғаннан кейін Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған сәттен бастап есептеледі.

8.4. Егер Кепілдік мерзімі кезеңінде Жұмыстардың нәтижелерін қалыпты пайдалануға кедергі келтіретін ақаулар мен кемшіліктер табылса, онда Мердігер оларды өз есебінен және Тараптар келіскен мерзімде жоюға міндетті. Бұл ретте, анықталған ақаулар мен кемшіліктерді жою жөніндегі Жұмыстарға Кепілдік мерзімі қайтадан есептеледі және Тапсырыс беруші ақаулар мен кемшіліктерді жою жөнінде жүргізілген Жұмыстардың нәтижелерін қабылдаған сәттен бастап Шартта көрсетілген Кепілдік мерзімін құрайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.5. Ақаулық актісін жасауға қатысу, оларды жою тәртібі мен мерзімдерін келісу үшін Мердігер Тапсырыс беруші Өкілінің жазбаша немесе ауызша (телефонограммамен) хабарламасын алған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей Мердігер Өкілінің келуін қамтамасыз етуге міндетті. Егер Мердігер осы тармақта айқындалған мерзімде ақаулық актісін жасауға қатысу үшін Мердігер Өкілінің келуін қамтамасыз етпесе, Тапсырыс беруші ақаулық актісін дербес жасауға құқылы.

8.6. Мердігер ақаулық актісін жасаудан немесе оған қол қоюдан бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші оларды растау үшін тәуелсіз сараптама тарту туралы мәселеге бастамашылық етуге құқылы, оның шешімі екі Тарап үшін де міндетті болады. Тәуелсіз сараптаманың қызметтеріне ақы төлеу сараптаманың қорытындысына сәйкес кінәлі деп танылатын Тарапқа жүктеледі.

8.7. Аяқталған объектіні пайдалану кезінде жасырын кемшіліктер, ақаулар табылған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 630-бабында (Ерекше бөлім) көзделген жалпы мерзімдер ішінде және Шарттың техникалық ерекшелігінің тармағында көзделген кепілдік мерзімі ішінде өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 635-бабында (Ерекше бөлім) көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға немесе Мердігерден Жұмыстарды тегін қайта орындауды немесе Тапсырыс берушінің кемшіліктерді өз қаражатымен жоюға шеккен шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

8.8. Мердігер пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалық ерекшеліктерге, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігіне, олардың тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

8.9. Мердігер орындалатын Жұмыстарға барлық рұқсат беру құжаттарының, оның ішінде орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға рұқсаттардың, лицензиялардың, сертификаттардың бар екеніне кепілдік береді.

8.10. Шарттың талаптарынан ауытқуларды немесе өзге де кемшіліктерді анықтау Мердігерді Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні орындалатын Жұмыстардың мерзімдеріне, көлемдері мен сапасына қатысты талаптарды одан әрі қою құқығынан айырмайды.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.2. Мердігердің жауапкершілігі:

9.2.1. Мердігер Шартта келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктіріп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті;

9.2.2. Мердігер Жұмыстар бойынша кемшіліктерді жою мерзімдерін кешіктіріп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге кемшіліктерді жою мерзімдері бұзылған Жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті;

9.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы ішкі елдік құндылық үлесінің есебін ұсынбаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл төлейді;

9.2.4. Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша (Жұмыстарды орындауды кешіктіру жағдайларынан басқа), Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемесін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдай үшін орындалуы жүзеге асырылмаған немесе тиісінше жүзеге асырылмаған Жұмыстардың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

9.2.5. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлері арасында еңбекақы саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

9.2.6. Мердігерлік ұйымдарға қатысты қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамағаны/бұзғаны үшін Мердігер/қосалқы мердігер Шартқа №7 Қосымшада көзделген жауапкершілікте болады;

9.2.7. Ұңғымаларды салу бойынша Жұмыстарды орындау кезінде ұңғымаларды салу жобасының, регламенттердің және өзге де нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келмегені үшін Мердігер осы Шарт бойынша №8 Қосымшаға сәйкес жауапкершілікте болады;

9.2.8. Осы Шартты орындау кезінде Шарттың осы 9-бөлімінде және Шартқа №7 Қосымшада көзделмеген өзге бұзушылықтар анықталған жағдайда, Мердігер осы Шартқа сәйкес ресімделген құжат негізінде әрбір бұзушылық жағдайы үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл төлейді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.2.9. Тапсырыс беруші Шартты Шарттың 10.3.2-тармағына сәйкес біржақты тәртіппен бұзған кезде, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың 9.2.4-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті;

9.2.10. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы заңнамасының талаптарын және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, егер тұрақсыздық айыбының өзге мөлшері Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы Шартқа Қосымшада көзделмесе, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапкершілікте болады;

9.2.11. Осы Шартты орындау үшін тартылатын жұмыскерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелерді Шарттың талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікте болады, бұл айыппұлды Мердігер төлеуі тиіс немесе Тараптар орындалған Жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қала алады;

9.2.12. Шартты орындау үшін жұмылдырылған Мердігер жұмыскерлерінің жалақысын арттыру және оларды әлеуметтік қолдауға арналған шығыстар жөніндегі міндеттемелерді Шарттың талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікте болады, бұл айыппұлды Мердігер төлеуі тиіс немесе Тараптар орындалған Жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қала алады;

9.2.13. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, және (немесе) Шарт тоқтатылған (оның ішінде бұзу жолымен) жағдайда, Мердігер бұл туралы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіні хабардар етуге және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығысы жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған кезде Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын құқықсыз пайдаланғаны үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;

9.2.14. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған/орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 9.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан басқа, Шарттың 10.3.2-тармағына сәйкес шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы;

9.2.15. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) жоғары толық сомада өтелуі тиіс;

9.2.16. Тапсырыс беруші Жұмыстардағы кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жойған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге осындай шығындарды өтейді;

9.3. Мердігер осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі;

9.4. Егер Мердігер Шартта белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады, әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады, Мердігер туралы мәліметтерді Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді, Мердігер сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларды қоспағанда.

9.5. Шарттың қолданылуы тоқтатылған (оның ішінде Шарт бұзылған) кезде Жұмыстар іс жүзінде Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлемнен аз сомаға орындалса, Тапсырыс беруші енгізілген аванстық қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.6.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуі тиіс;

9.6.2. Мердігерге ұсынылған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуі тиіс;

9.6.3. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

9.6.4. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10% -нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуі тиіс;

9.6.5. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден кешіктіру сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

9.6.6. Тапсырыс беруші құжаттарды беруді негізсіз кешіктірген (егер шарт талаптарымен Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге құжаттар беруі талап етілсе), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден кешіктіруден келтірілген залалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді, сондай-ақ Шарттың талаптарына өзгерістер енгізбестен Жұмыстарды орындау мерзімін осындай кешіктіруге мөлшерлес ұлғайтуды талап етуге құқылы.

9.7. Тұрақсыздық айыбын төлеуді Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойған тиісті жазбаша хабарламаны және төлемге шотты алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді. Мердігер Тапсырыс берушінің Мердігерге тұрақсыздық айыбын төлеу үшін ұсынған шоты орындалған Жұмыстар үшін төлем және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша өзара біртекті талаптарды есепке алуды жүргізу мақсатында Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігіне келіседі.

9.8. Егер Мердігер Жұмыстардың уақтылы орындалмауы немесе Мердігердің Жұмыстардың барлығын немесе бір бөлігін орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

9.9. Шарттың 9-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше мән-жай басталған кезде, Тапсырыс беруші шектеусіз бір уақытта бірнеше айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы.

9.10. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

9.11. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

9.12. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.13. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушіге тиесілі және өтелуге жататын нақты залал мен жоғалтылған пайда сомаларын Тапсырыс берушінің осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

10.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

10.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

10.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

10.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

10.3.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

10.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

10.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

10.3.4. Мердігерді банкрот деп жариялаған, төлемге қабілетсіз деп танығаң, сондай-ақ Жұмыстарды жүзеге асыру құқығына рұқсат беру құжаттарының (лицензиялардың), оның ішінде Мердігерді Жұмыстарды орындау құқығынан айыратын басқа да құжаттардың қолданылуы тоқтатылған/болмаған жағдайларда Шартты бұзу дереу жүзеге асырылады. Бұл тармақтың қолданылуын Тапсырыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

беруші Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын шектейтін сот актілері, сот орындаушыларының қаулылары негізінде де қолдана алады.

10.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

10.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

10.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты бұзудың болжалды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетілуі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуының күшіне ену күні ескертілуі тиіс. Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты бұзылған кезде, Мердігер Шарт бұзылған күнге дейінгі Шартты орындауға байланысты іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы.

11. Хат-хабар

11.1. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарлама, есеп, сұрау салу, талап, бекіту, келісу, нұсқау, тапсырыс, сертификат немесе басқа да хабарламалар алдын ала берілуі және қолма-қол немесе пошта арқылы хабардар ететін тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен, факс/электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын кейіннен ұсыну арқылы, уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-сымен қол қойылған және Мердігердің ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жіберілген хат-хабарларды қоспағанда, ұсынылуы тиіс. Егер Шартта Мердігердің электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Мердігер оны Тапсырыс берушіге ұсынбаса, Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай Мердігердің ресми электрондық мекенжайы болып саналады. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі көрсетілген Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

11.2. Тапсырыс поштасымен, курьерлік поштамен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алынғанын растау болмаған кезде) оның алынғаны туралы белгі қойылған сәтте жеткізілді деп есептеледі.

11.3. Тапсырыс (авиа) хатымен жіберілген хабарлама поштаның жеткізілгенін растайтын пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

11.4. Тараптар заңды мекенжайға, нақты мекенжайға және банктік деректемелерге қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бір-бірін дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

12. Шарттың мерзімі

12.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

13.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да дүлей зілзалалар, эмбарго, соғыс немесе соғыс қимылдары, диверсия, терроризм, Жұмыстардың орындалуына тыйым салатын немесе қандай да бір өзгеше түрде кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдарынан болса, бұл мән-жайлар Тараптардың еркіне тәуелді болмаған және Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеген жағдайда, Тараптар оларды орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

13.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар туындаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде осы мән-жайлардың басталғаны туралы екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Бұл мән-жайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуы тиіс.

13.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары, сондай-ақ осы мән-жайлар тудырған салдарлар әрекет еткен уақытқа мөлшерлес шегеріледі.

13.4. Шарттың 13.2-тармағында келісілген тәртіппен хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу Тарапты міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады.

13.5. Мердігер Еңсерілмейтін күш жағдайлары әрекет еткен кезеңде орындалған Жұмыстарды және Мердігердің барлық Материалдары мен Жабдықтарын, ресурстарды және Жұмыстарға байланысты, Тапсырыс берушіден салынған және қабылданған өзге де позицияларды зақымданудың, бүлінудің, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті.

13.6. Жұмыс кестесін Тараптар Еңсерілмейтін күш жағдайларының қолданылу мерзіміне сәйкес өзгерте алады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

13.7. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкінсіздігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы сақталса, онда Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуды жүргізуге құқылы болады.

14. Дауларды шешу тәртібі

14.1. Осы Шарттан туындауы мүмкін Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

14.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге жатады.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

15.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

15.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.8. Мердігер төмендегі ескертпелердің кепілдіктерін сақтайды: - мемлекетпен байланысты тұлға (болып табылады/болып табылмайды) және оның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар тұлғалар (ие/ие емес). Мердігер қандай да бір Саяси маңызы бар тұлға Мердігердің лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері болған не Мердігердің қатысу үлесін тікелей немесе жанама сатып алған барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндеттенеді; - қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек заңды қаржыландыру көздеріне ие: - Мердігер және оның Үлестес тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттерді жасағаны үшін сотталмаған немесе жасады деп танылмаған. Егер Мердігер немесе оның қандай да бір Үлестес тұлғалары осындай құқыққа қайшы іс-әрекеттерді жасағаны үшін сотталса немесе жасады деп танылса, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндеттенеді. - Мердігер Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Іскерлік этика кодексімен және Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатымен танысқанын растайды. Мердігер ҚМГ Іскерлік этика кодексін және Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатын толық түсінетінін куәландырады.

16. Құпиялылық

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

16.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

16.3. Осы бөлім Шарттың мәніне қатысты сот органдарының сұрау салуы бойынша және сот талқылауы барысында құпия ақпаратты ашу жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы бойынша ашуға қолданылмайды.

16.4. Осы бөлімнің ережелері Құпия ақпаратты жария етпеу жөніндегі міндеттерді Тараптардың әрқайсысына, сол сияқты Мердігердің Персоналы немесе Тапсырыс берушінің Персоналы болып табылатын барлық адамдарға, сондай-ақ Мердігер тартатын Қосалқы мердігердің Персоналына, оның ішінде олармен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін де, немесе Тараптар келісімшарттар негізінде тартқандарға да жүктейді.

16.5. Тараптар Құпия ақпаратты құқықсыз ашу нәтижесінде екінші Тарапқа келтірілген залал үшін бір-бірінің алдында жауапты болады.

16.6. Жол берілетін ашу. Құпия ақпаратты алатын тарап (бұдан әрі «Қабылдаушы тарап») ақпаратты жариялаушы тараптан («Ақпаратты жария етуші тарап») Ақпаратты жария етуші тараптың құпия ақпаратын ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті және міндеттемелерді орындайтын келесі алушылардың кез келгеніне аша алады: (A) Қосалқы мердігерлер және Мердігердің немесе Қосалқы мердігерлердің Жұмыскерлері, бірақ бұл тұлғаларға Жұмысты орындау үшін Құпия ақпаратты білу қажет болған жағдайда ғана; (B) Мердігердің қызметкерлері, лауазымды тұлғалары немесе директорлары; (C) Мердігердің кәсіби консультанттары, мердігерлері немесе қосалқы мердігерлері, немесе басқа тұлғалар, бірақ бұл тұлғаларға Құпия ақпаратты Жұмыстарды орындау үшін қажетті дәрежеде ғана, бірақ ешбір жағдайда Тапсырыс берушінің бәсекелестері үшін емес. Тараптар кез келген Құпия ақпараттың, оның ішінде осы Шарттың талаптарының үшінші тұлғаларға берілуінен және тарап кетуінен сақтандыру мен қорғаудың барлық шараларын қабылдайды. Құзыретті және бақылаушы, мемлекеттік органдар тарапынан қандай да бір Құпия ақпарат сұратылған жағдайда, Тараптар ақпаратты беру туралы осындай ниеттері жөнінде бір-бірін жазбаша хабардар етуге міндетті. Қабылдаушы тарап, сондай-ақ Құпия ақпаратты ашуға міндетті кез келген өзге тұлға, олардың Құпия ақпаратты Ақпаратты жария етуші тараптың және өзге тұлғаның негізделген пікірі бойынша ашылуы тиіс және құзыретті және бақылаушы мемлекеттік органдардың мақсаттары үшін жеткілікті болып саналатын мөлшерде ғана ұсынуын қамтамасыз етеді және кепілдік береді.

16.7. Құпия ақпаратты толығымен немесе ішінара қамтитын немесе көрсететін барлық көшірмелер, үзінділер, сызбалар және басқа материалдар немесе есептер қайсысы бірінші орын алса, сол күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қайтарылуы немесе жеткізілуі, немесе жойылуы тиіс: (i) осы Шарттың қолданылуын тоқтату; немесе (ii) Жұмыстарды аяқтау. Егер Құпия ақпарат Мердігер пайдаланатын компьютерлік жүйелерге немесе басқа деректерді сақтау жүйелеріне көшірілген болса, деректердің барлық осындай жазбалары (осы Шарттың ашылуына барлық шектеулерді ескере отырып) жойылуы негізсіз және іс жүзінде мүмкін емес, үнемі жасалатын электрондық резервтік көшірме деректерінің бөлігі ретінде ғана бар болатын Құпия ақпаратты қоспағанда, оларды оқуға болмайтындай етіп жойылуы тиіс.

16.8. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

17. Зияткерлік меншік

17.1. Егер Мердігер/Қосалқы мердігерлер осы Шарт бойынша Жұмыс барысында Зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелерін тапса, әзірлесе немесе жасаса, және осындай Зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелеріне байланысты авторлық/патенттік құқық немесе кез келген басқа зияткерлік меншік құқығы немесе басқа да құқықтар туындаса, мұндай Жұмыстар, зияткерлік меншік пен құқықтар Тапсырыс берушінің Жұмыс алаңы аумағында осы Шарттың ережелеріне сәйкес орындалған болып табылады және Тапсырыс берушіге тиесілі болады.

17.2. Мердігер Тапсырыс берушіні Жұмыс барысында, Жұмыс алаңында жасалған Зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелеріне қатысты құқықтарға қатысты кез келген талап қою мен кінәрат-талаптардан босатады және мұндай мүліктік құқықтар Тапсырыс берушіде сақталатынын мойындайды.

17.3. Жоғарыда көрсетілген кез келген ережелерге қарамастан, Тапсырыс беруші Жұмыс барысында Мердігер/Қосалқы мердігерлер олардың жадында қалатын жалпы тәжірибе, дағдылар, білім мен идеяларды әзірлеуі немесе сатып алуы мүмкін екенін мойындайды. Тапсырыс беруші Мердігердің/Қосалқы мердігерлердің көрсетілген тәжірибені, дағдыларды, білім мен идеяларды Тапсырыс берушінің мүліктік құқықтарына нұқсан келтірмейтін дәрежеде және көлемде пайдалануға және ашуға құқылы екенін мойындайды және келіседі.

17.4. Мердігер/Қосалқы мердігерлер осы Шарт бойынша берілетін қандай да бір патенттердің немесе авторлық құқықтардың, немесе сауда маркасының мәлімделген немесе нақты бұзылуына, немесе ілеспе бұзылуына, немесе коммерциялық құпияны заңсыз иемденуге қарсы Тапсырыс берушіні қорғауға, залалды өтеуге және қорғаштауға міндеттенеді.

17.5. Тараптар, егер оларға талап қою қаупі туралы белгілі болса немесе осы Шартқа сәйкес Үшінші тұлғалар тарапынан осындай құқықтарды бұзуға қатысты кез келген нақты немесе ықтимал талап қоюлар туралы белгілі болса, бір-бірін дереу хабардар етеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

